

ISSN 2306-7365

1996 жылдың қарашасынан бастап екі айда бір рет шығады

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

Н.А. Yesevi UKTU Bülteni    ҰСЗ    Вестник МКТУ им. Х.А. Ясауи    ҰСЗ    Bulletin of IKTU named H.A. Yasawi  
№3 (85)    ҰСЗ    ҚЫРКҮЙЕК-ҚАЗАН    ҰСЗ    2013

*Қоғамдық ғылымдар сериясы*



## БАС РЕДАКТОР

физика-математика ғылымдарының докторы, профессор  
**УӘЛИХАН СЕЙДІЛДӘУЛЫ ӘБДІБЕКОВ**

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**ЕРГӨБЕК Құлбек Сәрсенұлы**  
филология ғылымдарының докторы, профессор

*-Бас редактордың орынбасары*

**ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы**

*-аға редактор*

**БАЙҒҰТ Мадина Жүсіпқызы**

*-көркемдеуші редактор*

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ**  
**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**

**А Қ Ы Л Д А С Т А Р   А Л Қ А С Ы**

Йылдыз М.	- доктор, профессор (Түркия)
Ақбасова А.Ж.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Байдәулетов И.О.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Байжігітов Қ.Б.	- биология ғылымдарының докторы
Бахтыбаев А.Н.	- физика-математика ғылымдарының докторы, профессор
Беркімбаев К.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Вурал И.	- доктор, доцент (Түркия)
Дағделен О.	- доктор, доцент (Түркия)
Дениз Б.	- доктор, профессор, (Түркия)
Жолдасбаев С.	- тарих ғылымдарының докторы, профессор
Кучуктопузлу К.Ф.	- доктор, доцент (Түркия)
Мұхамеджанов Б.	- педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Мырзалиев Б.С.	- экономика ғылымдарының докторы, профессор
Накипов Б.	- заң ғылымдарының докторы, профессор
Нұсқабаев О.	- социология ғылымдарының докторы, профессор
Пала А.	- доктор, доцент (Түркия)
Раимбердиев Т.П.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Йылдырым Р.	- доктор, доцент (Түркия)
Тәукебаева Р.Б.	- филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Тұртабаев С.Қ.	- техника ғылымдарының докторы, профессор
Тузун И.	- доктор, профессор (Түркия)
Сейдинов Ш.М.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Шалқарова Ж.Н.	- медицина ғылымдарының докторы, профессор
Шимшек Н.	- доктор, доцент (Түркия)

*Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері  
жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8 қазанда тіркеліп, №232 куәлік берілген.*

**Индекс №75637**

*Журнал 2013 жылдың қаңтар айынан бастап Париж қаласындағы  
ISSN орталығында тіркелген.*

**ISSN 2306-7365**

**Редакцияның мекен-жайы:**

161200, Қазақстан Республикасы, ОҚО, Түркістан қаласы,  
ХҚТУ қалашығы, Б.Саттархан даңғылы, №29, 131-бөлме  
☎ (8-725-33) 6-39-07 (133), E-mail: islam2006-82@mail.ru

*Журнал Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің  
«Тұран» баспаханасында көбейтілді.*

Көлемі 70x100 1/6. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.

Шартты баспа табағы 5.9. Таралымы 300 дана. Тапсырыс 426. ©

UDC 372.651

**R.B.TAUKEBAYEVA**

Candidate of Philological Sciences,  
the Assistant Professor of IKTU named by H.A. Yasawi

**SOME SPECIFIC APPROACHES IN TEACHING ENGLISH AS A  
FOREIGN LANGUAGE**

*This article is devoted to the problems of teaching English as foreign language. The author paid attention to different approaches of teaching English and analyzed some aspects of G.Palmer's method, T.Roger's researches on raising the motivation of learner's language acquisition. The development of new methods of language teaching is not assumed a closure and limitedness of their existence. They are not something that completed. The teaching methods are active in language practice; they are characterized by the coexistence of different ways of teaching and shift of some conceptual methodical principles in foreign languages mastering. The active applying of different methods of foreign language teaching, including the psychological aspect in the teaching process promotes the formation of communicative competence on the various levels of language acquisition, creates substitution multi-aspectual motivation in the process of its learning that improves the quality of students' knowledge.*

*Key words:* approach, methods, teaching foreign language, language acquisition, motivation.

The modern period of development of society is characterized by the strong influence of computer technology, which penetrate into all spheres of human activity, provide a flow of information in society, creating a global information space. In this connection, it should be noted that an integral and essential part of these processes is the computerization of education. The global computerization and rapid convergence of the economics of different countries led to an unprecedented need for life in mastering of a foreign language for successful communication. Arsentyeva M., linguist, states that "... the second half of 1970s a communicative method (CM) was established where there are two main directions. The first is a pragmatic-functional, the second – pedagogic" [1]. The author further points out that the linguistic basis for a pragmatic functional concept is pragmatic linguistics that considers the language as a tool for human activity. The theory of speech activity of P. Galperin and A. Leontyev and cognitive-theoretical approach of general didactics are of great importance in this case i.e. 1) teaching of language in a foreign language, 2) frequent use of authentic texts. In accordance with this, the teacher is no longer considered as a mediator for transferring grammar of a foreign language and only serves a helper in an open learning process. As it is known,

the second phase that is the intercultural concept of didactics (pedagogic) in teaching of a foreign language is "... stronger than a pragmatic-functional or investigated factors of cultural and specific and individual life experience of students; traditions and habits of teaching, individual motivation and success in learning and institutional conditions (the status of foreign languages as subjects in subjects, lessons period; media equipment (teaching aids: textbooks and technical facilities); teachers training and etc." [1].

It is known that the communicative method has two points of influence on the methodology of teaching foreign languages: 1) Comparative work with language and cross-cultural phenomena, because a native language, society and culture form a basis for teaching the foreign language 2) the interactivity of the educational process, that is, the development of compatible and individual strategies of lessons, conducting lessons in the foreign language and developing the skills and techniques of its studying, the cognitive way of mastering i.e. the analysis of the subjects of study and its results, the methods of studying various phases of perception of language and its use in speech activity.

The development of new methods of language teaching is not assumed a closure and limitedness of their existence. They are not something that completed. The teaching methods are active in language practice; they are characterized by the coexistence of different ways of teaching and shift of some conceptual methodical principles in foreign languages mastering. Thus, one of the interesting reproductive techniques of mastering of the foreign language is the method of G. Palmer, L. Blumfeld and etc.

One of the representatives of this trend in methods of teaching foreign language is G. Palmer, author of more than 50 theoretical works, textbooks and teaching aids that deal with the issues of teaching English as a foreign language. The linguistic scientist set practical tasks that is to teach students to be fluent in English (i.e. to understand spoken language, speak, read and write) to improve the level of proficiency to reach the level of native speakers of the target language. Duration of the course G. Palmer determines owing to the volume of the target material (2.5 to 6.5 years), he mentioned that one can not start learning a foreign language with the study of literary works, and if students start with them, then the scientist puts forward the following requirements to the texts: they should be interesting with entertaining stories, inclusive students' age, have only well-known realia, because they are used for improving oral skills. In his study the linguist was one of the first who raises questions concerning a scientific selection of vocabulary, which he divides it into two large groups: the strictly selected (by the author's definition – "microcosm") and spontaneous. The first unit should systematically teach at primary and secondary levels of education, and the second is accumulated spontaneously at an advanced stage of training. As a scientist, G. Palmer adhered a well-known position that the study of the foreign language should be passed as well as learning of native language by children and the author

states that the active use of the native language is preceded by a long period of passive perception, during which the linguistic material storage is fulfilled which should be the principle (according to the author) in teaching foreign languages. It is generally known, to master a foreign language one can come up as conscious so intuitive and subconscious ways. As a scholar who studied the ways and methods of teaching foreign languages Palmer prefers the second one, he believed that a learner of language should be all the time in speech flow of foreign language (listening) and to memorize (conscious approach) speech and text patterns through imitation and constant repetition and then reproducing them in various combinations. Especially, the system of drills is valuable designed for development of oral skills, substitution tables, which are based on a structural approach to the language. Under the foregoing data, we state the fact that in teaching foreign languages in pedagogic work we mostly stick to G. Palmer method, which is a well thought-out teaching system for reproductive language proficiency in a foreign method [2]. However, the methods of teaching foreign languages have been a tendency to shift from traditional to interactive communicative approach. Interactive teaching implies the interaction of students and a teacher as inseparable entities in training. As it is well-known, the interactive technique is turned to student's collective experience under the guidance of the teacher during lessons. According to the experts (a study of the National Training Center, United States, Maryland) for only 10% of students are acceptable methods of traditional schools, while the remaining 90% are able to study without a book in his hands, because online training is the most progressive method for them. There are many techniques that help students to interact with each other in the educational process: the search for correspondences and contradictions; rating, generalization of the results, true /false exercises, advantages and disadvantages, the identification of the consequences (analysis); learner's personal opinion; role-playing games, brainstorming; debate that are the main components of interactive teaching. The process of interactive interaction of teaching subjects (teacher and students) in line with its main components with active use of computer technology enables for the organization of the students' individual work with a variety of multimedia teaching systems. In organizing the work with the Internet technology resources application, it is important to determine the purpose of usage its capabilities that lie in the following tasks: inserting material of the network into the content of the lesson, self-search information to work on a research project, advanced study of the language; elimination of the gaps in educational skills and knowledge, distance learning of some foreign language courses (from beginner to advanced levels) under the guidance of teacher. Using the information resources of the Internet, we are able to solve a number of issues more effectively in lessons i.e. to improve reading skills using the networks materials of different degree of complexity, upgrade listening skills based on authentic audio texts of the Internet, improve writing skills (presentation, essay, short story - situation, etc.), enlarge the vocabulary (active or passive) with the words of the target language, to get acquainted

with linguistic-cultural information (speech etiquette and behavior, culture and traditions of the country of the studied language); improve pronunciation, using multimedia programs. Internet and multimedia training systems is becoming necessary technical training tool that helps to improve the quality of learning foreign languages.

Pursuant to the above-stated, it should be stated that at our school in the educational process, we adhere to the basic principles of teaching foreign languages through interactive methods: the principle of students' self-study, the principle of enhancing their educational and informative activities due to the interactivity, the principle of the acquisition of a new teacher an organizer and consultant training; principle of clarity and accessibility of information through the use of the computer (audio and video), the principle of positive emotional background designed to form a stable motivation of foreign language teaching.

"Foreign language can not be taught. You can only learn it"- is one of the main slogans of personality oriented approach in teaching foreign languages. In this regard, a key factor for the successful learning of foreign languages is certainly a motivation. The study of motivation, determination and consideration of its types are very important, as a consequence of this phenomenon is to achieve communicative competence.

The widely spread types of motivations are: lingvocognitive, country research and communication-motivational. The communication-motivational motivations as practice shows is of interest to students who are learning English as a foreign language. This is due to the fact that the main type of speech activity is speaking, and the increasing intensity of globalization promotes the expansion of international contacts and co-operation [3]. The determination of the specific type of motivation is essential for the teacher, as taking this type into account assists to the adequate choice of means and methods of information supply that determine the effectiveness of the educational process.

Characteristically, in recent years, productive motivation is the most important and the estimated (motivation coercion), although inferior in number, but still has a place. Students with this type of motivation are inert, justify their poor preparation owing to a lack of skills, poor language development, the fear of making a mistake, fear of mockery from strong students or do not see the point in learning a foreign language. In contrast to the above types of students, teacher's positive attitude for success often helps them not only to sustain the interest in mastering a foreign language, but also to enjoy the learning process and thus serve as an impetus to the development of effective motivation of learning a foreign language. A positive attitude of the teacher is to succeed in creating a table of objective self-evaluation and ranking knowledge of a foreign language student. This gives the students the ability to control their progressive knowledge in the study of a foreign language, which contributes to their motivation for further, more perfect their study. It is obviously important to notice and give a positive assessment of anyone, let not even a very significant achievement of the student.

It is common knowledge that there are other ways to motivate of mastering a foreign language. The way of motivation of Ted Rogers, a well-known theorist, practitioner of methods of teaching foreign languages and psycholinguist of one of the leading universities in Hawaii, is quite interesting, who considers that in the XXI century, the method of content analysis, where an accent is made on the content that objectively reflects on rising of learners' motivation will be leading method of teaching foreign language. Ted Rogers singles out 24 factors positively influencing on learning of a foreign language («The Big B's of Language Learning Influence») [4].

The first 10 factors are dictated by the different life circumstances: 1) Birth; 2) Bloom; 3) Background; 4) Bath; 5) Badge; 6) Bridge; 7) Bedroom; 8) Bread; 9) Bullets; 10) By-product. Unfortunately, these factors cannot be controlled by the teacher; they are not practiced in classes. The other factors of content analysis method are converted in the learning process during the practical lessons where the different approaches of motivation of acquisition of foreign languages are concretely revealed out: 11) Brains; 12) Breezy; 13) Buddies; 14) Belonging; 15) Biography, 16) Bugling; 17) Body; 18) Bargaining; 19) Baskets; 20) Belief; 21) Bluff; 22) Bounds; 23) Beyond; 24) Beat.

Promoting the phenomenal psycholinguistic researches of T. Rogers in the methods of teaching foreign languages it should be mentioned that the students' motivation in learning foreign languages and achieving significant progress by them essentially depends on the successful interaction of the teacher and the learner, also motivation depends on the positive setting up to success and systematic work at improving of the language acquisition process by applying different modern methods.

The creation of positive emotional atmosphere at lessons; the teacher's ability to attract students' attention to the subject is one of the key components of raising learners' motivation in training foreign languages. To our point of view learning foreign languages means to open the door into the new world, to get pleasure in becoming acquainted with the new lingual culture.

Realization of this concept demands the teacher to be a good psychologist on the one hand and to vary the lessons at the professional level on the other hand. If students love the teacher, then his subject will become favorite subject. The pedagogical experience reveals that the teacher creating the positive emotional atmosphere at lessons attracts students to research works and to the productive creativity while carrying out different tasks.

The activity of such kind of teachers (professional teacher-psychologist) strictly concerning the emotional life of learners and creating a unique atmosphere of communication at lessons promotes displaying of enthusiasm, develops the great interest to the subject even among students who are passive and disable to the foreign language acquisition. It should be mentioned, that at this moment at this very lesson «process of producing abilities" is committing, since there are no disable men in the nature [5].

In conclusion, it should be mentioned, that the active applying of different methods of foreign language teaching, including the psychological aspect in the teaching process promotes the formation of communicative competence on the various levels of language acquisition, creates substation multi-aspectual motivation in the process of its learning that improves the quality of students' knowledge.

#### REFERENCES

1. *Arsentyeva M.* Concepts (methods) of teaching foreign languages. – BSU materials of the III int.scient.conf. – Minsk, 2009. – P.108.
2. *Palmer G.* The scientific study and teaching of languages. - Oxford U.P., 1968.
3. *Mikhailchuk I.V.* The role of motivation in achieving communicative competence in learning a foreign language by the non-lingual high school students. - BSU, the III Int. scientific. conf. – Minsk, 2009. – P.121.
4. *Rogers T.* Methodology in the new millennium. - English Teaching Forum, Vol.38, №2.
5. *Psychology of attention / ed. Gippenreiter,U., Romanova, VM, ACT, 2008.*

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Бұл мақала ағылшын тілін шет тілі ретінде оқыту мәселелеріне арналған. Автор ағылшын тілін оқытудың Г.Палмердің әдістемесі секілді әр түрлі әдістерін қарастырады және Т.Роджерстің ағылшын тілін меңгерудегі тіл үйренушілердің мотивациясын жоғарылату жайлы ғылыми зерттеулерін талдайды.

**(Таукебаева Р.Б. Ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудағы кейбір ерекше әдістер)**

#### РЕЗЮМЕ

Данная статья посвящена проблемам обучения английскому языку как иностранному. Автор рассматривает различные подходы обучения английскому, такие как методика Г.Палмера, и анализирует научные исследования Т.Роджерса о повышении мотивации обучаемых в овладении английским языком.

**(Таукебаева Р.Б. Некоторые специфические подходы в обучении английскому как иностранному языку)**



ӘОЖ 818.992 71

**Ж.КАМАЛҚЫЗЫ**

филология ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**Ж.АЛМАТОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**С.ЕЛУБАЕВТЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫ ЖАЙЛЫ**

*Мақалада жазушы Смағұл Елубаевтың «Ақ боз үй» романының көркемдік жаңалығы сөз болады. Роман көркемдігінің бір қыры - романға берілген атаудың атқарып тұрған көркемдік қызметін талдап түсіндіреді. С.Елубаев қазақ жазушыларының ішінен алғаш рет коммунистер ұйымдастырған, қазақ халқын қолдан қыруға арналған саясатты әшкерелейді. Сол аштықтың себептері мен салдарын көркем бейнелердің тағдыры арқылы ашық көрсетеді. Трилогияда ақ боз үй бірнеше жерде түрлі жағдайда суреттеледі. Ақ боз үйдің керексіз жағдайға түсуі – қазақ мәдениеті мен тұрмысының құрдымға кетуі екенін көрсеткен. Мақалада ақ боз үй – қазақ елінің көшпенді мәдениетінің символы екендігін дәлелдейді.*

*Кілт сөздері:* тарихи сана, қасіретті өмірі, ұлттық көркемдік таным, көркемдік ойлау жемісі, көркемдік тәсіл, символдық бейне.

Белгілі қазақ жазушысы Смағұл Елубаевтың өткен ғасырдың сексенінші жылдары бірінші кітабы жарық көрген «Ақ боз үй» романы тарихи санасы қалғып бара жатқан ұлтымызды селк еткізген жаңалық болғаны мәлім. «Байлар өз дүние мүлкін қызғанып, кеңес үкіметіне жау болды, надандықпен түсінбей жат елге ауа көшті, еліне сатқындық жасады», - деп мектеп қабырғасынан құлағына құйылып өскен қазіргі аға ұрпақ, орта буын өкілдері романдағы оқиғаларға да, ондағы ерекше сомдалған тұлғаларға да тосырқай қарағаны рас. Себебі, ондағы негізгі және ұнамды кейіпкерлер – кешегі би, дәулетті отағасы Пахриддин, оның кербез де салтанатты бәйбішесі Сырға сұлу, бетіне жел, табанына сыз тигізбей өсірген ерке сылқым сұлу қызы Хансұлу. Бұдан бұрын оқыған шығармаларымыздан тек кедейден шыққан, қиянат көріп жүрген жандар Кеңес үкіметі келіп, ғажап қайраткер болып, соның бақытты өмірін үлгі ететін. Қой бағып жүрген шопандарға дейін етігінің қонышына тығып жүріп оқыған «Ботагөз», «ышқынып келіп комсомолға кіріп» бақытын тапқан «Берен», жиналысқа барып жаңа өмірдің мәнісін ұғып келген «Раушан коммунист», т.б. сол жылдардағы қолдан түсірмей оқыған кітаптарымызда ылғи кедей, жаншылған ортадан шыққан жандардың ғана қасіретін сезініп өсіп едік. Байдың қызы болса, кедейді сүйіп, оған қосыла алмай арманда өлетін «Сұлушаштан» басталған

ғашықтар галереясы да кедейлердің ғана қасіретін сыр қылып шертетін. Ал, С.Елубаевтың «Ақ боз үй» романында сомдалған бейне, суреттелген өмір бізге түсіндірілген шындықтан мүлдем басқа болып шықты. Сонысымен де таң қалдырды. «Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге дейін біз саяз жүзіп жүрміз. Қазақ әдебиеті өмірдің бетіндегі қаймағын жалап жүр» [1; 309 б.],- деген екен ұлы суреткер М.Әуезов. Ғұлама қазақ ұлты басынан кешкен ауыр күндер тарихын, одан бергі өзі көзімен көрген қасіретті жылдар шежіресін жаза алмай жүргендерін осылай мойындап, кейінгі толқынға аманат еткендей. Социалистік реализм әдісіне бағындырылған, коммунистердің идеологиясын насихаттап жүрген өз тұстастарының схемаға құрылған шығармаларына осылай сын да айтқан. С.Елубаевтың роман-трилогиясы «қазақ өмірін түгел суретімен алып кіруімен» де оқырмандарын селк еткізгендігі анық. Тәтті өтірікке үйренген оқырманға бұл тосын жайт болатыны анық. Бұл роман туралы белгілі ғалым Зейнолла Қабдолов: «Алғашқы екі шығарма кеңес кезіндегі қазақ атаулыны шыбынша қырып кеткен аштыққа, қуғын-сүргінге, ату-асуға арналған. Тоталитаризм тұсында бұл тақырыпқа бару біздің жазушылардың ішінде, жас та болса, тек Смағұлдың ғана қолынан келді» [2; 3],- дегені біздің таңданысымыздың себебін түсіндіріп тұр.

Шын мәнінде «Ақ боз үй» трилогиясының бірінші кітабына берілген тақырып. Әдебиеттану ғылымында тақырыпқа берілген анықтаманың барлығын термей-ақ А.Байтұрсынов анықтамасына жүгінейік. «Әңгімедегі пікір не туралы болса, сол нәрсе шығарманың тақырыбы болады. ...Әңгіме басында тұрған «Айман-Шолпан» яки «Бақытсыз Жамал» деген сөздерді көріп, кім туралы айтылатын әңгіме екенін бірден білеміз» [3, 344 б.]. Ал біз сөз етіп отырған С.Елубаевтың романы ақ боз үй туралы емес екені белгілі. Онда неге автор романын осылай атады екен?.. Романды қолға алып оқығанында санада бір ерекше өкініш пен мұңның ішінен сәулеті мен салтанаты келіскен Ақ боз үй елесі кетпейді. «Туындының атауын қоюдың оны жазудан да қиын екенін айтқан көп қаламгерлер бар. Айтты-айтпады, автор мен редактор кітап мұқабасындағы атаудың, оның сыртқы көрінісінің оқырман назарын аударуына, оған мәтін туралы көркемдік-эстетикалық ақпарат беруге, оның автордың идеясымен астасып жатуына мүдделі. Осының өзі мәтіннің оқырманына әсер етуге бағытталған функциясының алғашқы көрінісіндей деп айтуға болар» [4, 111 б.] – дейді ғалым Т.Есембеков. Демек, өз туындысына ат қою арқылы жазушы өз идеясынан толық хабар бере алады. Әрине, дұрыс таңдай алса. Біз жазушы С.Елубаевтың өз романындағы негізгі идеяны танытуда таңдаған атауын талдап көрейік. Оқырманға роман атауы қалай әсер ететініне назар аударып, роман атауымен автор ұғындырған ұлт трагедиясын сөз еткенді дұрыс көрдік. Роман атауы «Ақ боз үй» деп неге аталған деген сұрақ тұратыны анық. Кітапқа жазған алғысөзінде орыс жазушысы Олег Осетинский романның атауын «Одинокая юрта» деп атапты. Сонда «ақ боз үй» орыс тілінде «жалғыз үй» болып шыққан.

Бұл атау романға мүлдем сәйкес келмейді. Әрине, аударма мәселесін біз сөз еткелі отырған жоқпыз. Осы аударма біздің роман атауының поэтикалық қызметін тануға итермеледі. Аудармаға қойылатын бірінші талап: «түпнұсқаның ұлттық көркемдік және танымдық негіздерін түсіну және автордың поэтикалық ойлау ерекшеліктерін сақтау» [4, 190 б.] қалайда сақталуы керек деп ойлаймыз. «Одинокая» деген жалғызсырау, жалғыз отырған үй туралы айтылу керек. Ал романда сөз болатын ақ боз үй бір рет те жеке суреттелмейді. Ауыл ортасында көзге ерекше көрініп тұрады.

Ақ боз үй романда бірнеше жерде суреттеледі. Және әр суреттелуінде зұлмат жылдардың ауыр да қасіретті салмағы сезіледі. Трилогияда автор ақ боз үйді әр суреттегенінде бұрынғысына ұқсатпай, үлкен өзгерістерде суреттеп отырады. Ақ боз үйді суреттеуі арқылы оқиға дамуының қабаттарын да меңзеп көрсетіп отыратыны байқалады. Сол арқылы жазушының романға таңдаған атауының көркемдік сыры ашылады. Сондықтан романдағы ақ боз үйдің суреттелуі жеке сөз етуге тұрарлық көркемдік құрал болып шыққан. Ең алғаш Шеге өзі ғашық болып жүрген Хансұлудың ақ боз үйін өзінің жаман қоңыр үйімен салыстырады. Ақ боз үй Шеге көзімен көрсетіледі. «Анау ауыл ортасында айдыны шығып тұрған үлкен ақ боз үй – Хансұлудың үйі» [2, 17 б.]. Автор «айдыны шығып тұрған» деген эпитет арқылы сол шаңырақтың абыройлы екенін ұқтырып өтеді. Оны барлығы мойындайтынын да ескерткендей болады. Заманның ызғарлы желі әлі жете қоймаған, алаңсыз жатқан қазақ қоғамын елестеткендей. Екінші рет ақ боз үй құрбан айт мерекесі және Хансұлуды ұзату тойы өтіп жатқан тұста, елге бұрын қазақ жерін естімеген де, көрмеген Калашников партия хатшысы болып келгенде суреттеледі. «Пахраддин қонақтарды ақ боз үйінің есігін өзі ашып кіргізді. Сыртта Бұқарбай меліса қалды» [2, 56 б.]. Осы екі сөйлем бір түрлі суық ызғар шашып тұрғандай. Досына да, жауына да есігі ашық қазақ әдеті ғой дейін десең, сыртта күзет тұрмайтын ел әдеті ойға оралады. Жұмақтай өмірге ашылған есіктен әлдебір зәрлі ызғар еніп келе жатқанын байқатады. Жат жұрттық жанның көзімен қазақ тұрмысына баға беріледі. Үйді көрген Калашниковтың қазақ сән-салтанатынан басы айналғандай болады. Бірақ жақсы өмірге қуану емес, іштей әлденеге ызалану бар. «Бұл үйде жалғыз ғана малынған байлық емес, сырбаз талғам да байқалады. «Қу жапанда бұ не шіренген салтанат?» [2, 56 б.]. «Айдыны асқан ақ боз үй» осылай сырттан келген жанды бар құдіретімен таң қалдырады. Калашниковтың ұлтымызды кеміткісі келген астам көзқарасы да осы сөздерге сыйғызылған. Бірақ шіренген салтанатты көрмеуге болмайды, соған Калашников ызалана түседі.

Ақ боз үй романда үшінші рет «банды болып кеткен» ағасы Әзберген қолға түсіп, сонымен бірге үйіне қайтып келе жатқан Хансұлу көзімен суреттелген. «Назары ауылдан шеттеу тұрған ақ боз үйде. Танып келеді өз үйін. Ақ боз үй баяғыдай айдындап емес, қоңырайып жетімсіреп тұрғандай» [2, 115 б.]. Үшінші рет суреттелген ақ боз үй өзінің алғашқы айдынды салтанатынан ажырай бастағанын көрсету арқылы автор қазақ ұлтының

басына түскен қасіреттен хабар беріп тұрғаны анық көрінеді. Ауғанға көшуге тоқталып, елін қимай тұрған Пахраддиннің құлазыған көңіл-күйімен тағы да ақ боз үй бір рет елес береді. «Жалғыз құлазиды қыр басында. Соны сезгендей-ақ, ақ боз үйден сусып шығып, көлеңкедей жылжып төбеге көтеріліп Сырға келеді. ...Сырға бәйбіше Пахраддинді үнсіз жетелеп ай астында кеседей төңкерілген ақ боз үйге қарап алып жүрді» [2, 245 б.]. «Кеседей төңкерілген ақ боз үй». Жазушы қолданған сөздің мәніне қараңызшы. «Айдыны асқан ақ боз үй» емес, «кеседей төңкерілген ақ боз үй». Оқырман алғаш көрген түтіні түзу шығып тұрған ауыл ортасындағы өзгелерден еңсесі биік үй емес, «кеседей төңкерілген үй».

Ауғанға көшіп бара жатқан ауылға басмашылар шабуыл жасап, ойрандап кеткеннен кейін бір рет ақ боз үй елеусіз ғана суреттеледі. «Кешкісін ауылдың бас көтерген бес-он ақсақал-қарасақалы Пахраддиннің ақ боз үйінің көлеңкесіне кең текемет жайдырып алқа-қотан отырып жалпақ маслихат құрды» [2, 202 б.]. Ақ боз үйдің бар қасиеті кетіп қалғандай бір түрлі көңілсіз сурет. Жазушы осы бір ақ боз үйді қайта-қайта суреттеуінде тек романға берілген атауды жаңғыртуды мақсат етпеген. Ақ боз үй бүкіл қазақ ұлтының болмысын, бүкіл қазақ ұлтының қадірі мен қасиетін, бүкіл қазақ ұлтының жан дүниесін танытатын ерекше символдық дерек көзі деуге болады.

Ең алғаш құдық басында отырған дулы ауыл, соның ортасындағы «айдыны асқан» ақ боз үй суреттелсе, ақ боз үйдің нағыз шынайы бейнесін соңғы рет жазушы тағы да ауыл ортасында суреттейді. Жүрегінді езіп кететін сұрқай көрініс. Тапталған ұлт рухын, талан-тараж болған қазақ халқының қасиетті қазынасын еріксіз еске салады. «Орасан шалқар ойдым-ойдым құм өлкесінің ортасында аядай алаңға үрке ұйлығыса сығылыса отырған ауыл. Есік, түндіктері жабулы томпиған қоңыр үйлер, тападай-тал түсте жетім қалған жазықсыз үйлер. Шаңыт дауыл бүркеп алған ауыл үстін. Сырға бәйбішенің көзіне кең бүйірлі ақ боз үйі мен есік алдында ноқаттай қарауытып қалып бара жатқан қара қазаны, әсіресе, оттай басылды. Ыстық жасы бетін жауып, дауыс етуге Пахраддиннен қорқып, жаулық ұшын тістелеп үнсіз егілді» [2, 272 б.]. Өздерінің ыстық ұяларын тастап, тұлпар мініп, арқырап жүрген атақты бидің есекке жүк артып, қасындағы жылап келе жатқан әйелдердің бетіне қарай алмай, жүрегі қанжылап келе жатқан бейнесі бүкіл қазақ даласы қаңырап қалғанын оқырман санасына жеткізеді. Шұбырып бара жатқан топтың жан дүниесін танытатын тағы бір деталь суреттеледі. «Жыңғылды алаптан өте бергенде жол жиегінде біреудің ағаш сандығы қалды аузы аңқиып. Жақындай бере таныды, Күлзипаның қара кебежесі екен, әспеттеп төрінде сақтап жүрген. Жол шетінде жатқан әшекейлі сүйекті қара кебежеге бұлар бір-бір қарады да, жұмған ауыздарын ашпастан өте берді» [2, 273 б.]. Түндіктері ашылмай, есіктері жабылып қалған тұтас ауыл, есік алдында төңкерулі қалған қасиетті қара қазан, жол бойында лақтырып тастаған «әспеттеп төрінде сақтап жүрген» «әшекейлі сүйекті қара кебеже» деген сөздер арқылы-ақ жазушы қазақ халқының киелі қасиеттерінің аяққа басылып, елдің рухы сынғанын көрсете алған. Мынау шұбырып кетіп бара жатқан жандар тірі болғандарымен енді біразға дейін еңсесін көтере алмай, жігерлері жасып, тек тірі қалудың қамымен ғана жүретіндіктерін танытады. Оқып отырған жан сол ауыр қасіретті жылдарды жан жүрегімен сезінеді. Мұқағали ақынның жүректі дір

еткізетін аққуынан – киелі қасиетінен айрылған жетім көл тағдыры елес береді. «Қасиет – қасірет, қасірет-қасиет» деп ақын күбірлеп тұрғандай. Жетім көл бұрынғы бар сұлулығын сақтағанымен, киелі қасиетінен айрылған. Елдің рухы киелі аққу құспен бірге кеткен. «Ақ боз үй» романында да дәл солай. Ақ боз үй, қара қазан, сәнді кебеже, елдің сөзін ұстаған би Пахраддин, оның сәні болған кербез бәйбішесі Сырға қалды құм арасында. Шұбырған тірі аруаққа айналған көпшілік ұзап барады. Алда не күтіп тұрғаны да белгісіз. Қазақ деген қасиетті халықтың бір тамшысындай болған шағын ауыл тарихы осылай жүрек тебірентер қасіретін алдына жайып салады. Бұл бір ауылдың, бір рудың басынан кешкен тағдыры емес. Бұны оқыған жан өз атасының, өз әкесінің тағдырын танитыны анық. Мейлі ол қазақтың қай түкпірінде өмір сүрсін, дәл осылай болғаны рас. Көзі қарақты оқырман, өзі көрмесе де, үлкендерден естіген әңгімелерін еске түсірсе, осы жандармен бірге егіліп, өз ата-әжелерінің қиын тағдырын түсініп, соларды егіле еске түсірері анық. Бұл – жазушының шындықты суреттеудегі ерекше ұстанымынан туындаған көркемдік ойлау жемісі.

Ақ боз үй бұдан әрі де романда бірнеше рет суреттеледі. Бірақ бұл суреттеулер тек елес болып қана шығады. Елес, үміт, сағыныш бәрі осы ақ боз үй бейнесімен көрсетіледі. Балқияны құтқарам деп әрі ауырып, одан әрі адасып жалғыз қалған Пахраддин би әбден сұлдері құрып қиналған сәтінде ақ боз үйі елес болып көрінеді. Аштықтан бұратылып, шөлден тілі таңдайына жабысып, бар күш-қуатынан айрылған Пахраддин бидің көзіне өзінің ақ боз үйі көрінеді. «Сол-ақ екен, я, паруардігер, көзіне сенсін бе, сенбесін бе, әлгі ұзыннан шұбақ сұлық жатқан жотаның үстінде томпиған бір үй тұр. Сағымнан жартылай шығып, үлкен ақ боз үй тұр. Пахраддин ал кеп шұқшисын. Жоқ, айна қатесі жоқ, ақ күмбез үй тұр. Астапыралла, бұ қашан келіп қонған үй? ...Үй зым-қайым жоқ, жер жұтып қойғандай. Астапыралла, елес болғаны ма? Ақ боз үй қайда? Жым-жылас шөл дала қатыгез тағдырдай мелшиіп сазарып жатыр. Сағымға алданғаны-ау бұның. Оңбай алданды-ау» [2, 254 б.]. Пахраддин бидің соңғы үміті осылай сәнді. Қатты қиналғанда, өлім жақындағанда Пахраддинге өзінің бейіштей ыстық ұясы, ақ боз үйі осылай сағым арасынан елестейді. Ақ боз үй алдан күткен үміті, жақсы өмірге деген сенімі, өткен тәтті күндеріне деген сағынышы болып көрінеді. Керзаманның сұмдығын көзбен көріп, кешегі аузына ел қараған, елге пана болған би Пахраддин төбе басында қалған сүйіктісі Сырға бәйбішенің қасына эрең жетіп, бір-бірімен бақылдасуға да шамалары келмей аштан өлді. «Құмшағыл үстінде құшақтары айқасып жатқан екі адам» [2, 258 б.]. Осы бір сөйлем арқылы 1932 жылы болған қазақ елін жайлаған, коммунистер қолдан жасаған аштық суретін береді. Лабақ ахунның сөзін оқығанда, барлық аштан қырылған жандар үшін іштей дұға оқығандай боласың. «Қазір көз жұмсаң алдыңнан о дүниенің нұрлы қақпасы ашылар! Мынау жалғаншы тірліктен көтеріліп, мәңгілікке бет түзерсің! Жылынбайын деп жаһилдің жаққан отына, тәрк еттім ыәмме тірлікті. Қиналма! Шыдам ет! Кәлимаға келтір тіліңді! Алдымнан жарылқа деп тіле! Иман сұра Алладан!» [2, 256 б.]. Бірінші басылымында Лабақ ахунның өзі келгендігі айтылса, екінші басылымында Пахраддинді оның елесімен сөйлестіреді.

Ақ боз үй елесі Хансұлудың соңғы сағатында да елестейді. Жазушы өз

кейіпкерінің сағынышын соңғы сағаттарында басқысы келгендей сәби кезіне, жасөспірім шағына қайта алып келеді. Автор Хансұлудың өз басынан кешіп жатқан ерекше психологиялық күйді шебер суреттейді. Тәнін мәңгілікке қалдырып кеткелі жатқан Хансұлудың пәк жаны, рухы өмір бойы сағыныш болған ең бақытты кезеңдерін әлдебір құдіреттің күшімен аралап шығады. Сол арқылы автор өзінің сүйікті кейіпкерінің азапты өмірінен бұрынғы ертегідей ерке сәтіне қайта оралтып, бір бақыт сыйлағандай әсер етеді. Сонша азапты көрген қасиетті қазақ қызына бір сәттік бақыт сыйламау авторға ауыр тигендей. «Сәби Хансұлу абажадай үй ішінде тәй-тәй басып келеді. Еңселі ақ боз үйдің төрінен есігіне қарай тәлтіректеп жүріп келеді екен дейді. Түрүлі ашық есіктен сырттағы далиған кең жарық дүние көрініп тұр. Ауыл алды әудем жерде дөңгеленіп айна көл жатыр. Көл жағасында шыбындаған үйір-үйір жылқы. Бұта көленкесін паналаған қой-ешкі. ...Мынау аспанмен таласқан еңселі, іші қызыл-жасыл бау шулы, қазыналы ақ орда, хан сарайындай еңселі биік те зәулім. Сол кең ақ орданың он жағында миық күлкісі шуақ шашып шешесі – кербез Сырға отыр. ...Үй төрінде жардай болып, кесек мұрны қоңқайып, сабырлы, иман жүзді, мол денелі көкесі отыр. ... О, Жасаған! О, Тәңірім! Ауылының осы шағы бақ-берекесі бұзылмаған шағы бітпесе екен, таусылмаса екен дейді, бүкіл жан-тәні бебеу қағып» [2, 414 б.]. Тіршіліктен алыстап, басқа дүниеге мойын бұрып жатқан Хансұлудың бір бақытты сәті деуге келетіндей. «Ауыл қатар-қатар тігілген, жұмыртқадай томпиған он-он бес қоңыр үй. Көл бетіне қоңған бір топ қоңыр қаздай. Жұмыртқадай үйлер қазір майда дірілді сағым айдынында қаздай қалқиды. ...Түгіскен көлі басындағы осынау ғажайып жаз суретіне сарғая, сағына қарап тұр. Енді бірде байқаса, туған ауыл суретіне бойжетіп қалған талдырмаш қыз бала көзімен қарап тұр екен. Үй мен үйдің арасын қуалай жортқан жылы жел бұның үстіндегі ақ көйлектің етегімен ойнайды. Жел емес-ау, туған өлкенің сағыныш тынысы дерсің» [2, 415 б.]. Тіршіліктегі соңғы сәттерінде романның басынан аяғына дейін оқырманның ерекше ықыласына бөленген, сонымен бірге қиналған Хансұлу жаны өмірлік сағынышымен кездеседі. Қызылдар келгенге дейінгі қазақ тұрмысын соншалықты сағынышпен, соншалықты сүйіп жазған жазушы сирек екені белгілі. Автор өз кейіпкерімен қосылып, сол бір уыздай ұйыған көшпелі өмірді аңсап кеткендей. Бүгінгі оқырман, мүмкін, бұл сағыныш пен ықыласты түсіне алмас. Сол өмірді көрген, жайлау қызығын сезінген жан ғана айта алатын ерекше сұлу суреттер. Сағынышына айналған өткен өмірін көріп тұрғанда, Хансұлудың бойында үнемі үрей сезіледі. Бұл үрей бүкіл қазақ даласын жайлап алған қорқыныш екенін сезінесің. «Көкірегінде құйқылжып құмыр бұлбұлы ояңандай. Әлдеқашан Жер бетінен көшіп кеткен, әлдеқашан жоқтыққа сіңіп, өзі де, ізі де өшіп кеткен өз ауылы, ошақ-басымен қауышқанына жүрегі лекілдеп шаттықтан жарылардай. Тек, осы бір ғажайып сәт, осы бір таңсық қас-қағым үзілмесе екен, жалғаса берсе екен деп, бүкіл болмысы үрейлі діріл қағып, ботадай боздайды» [2, 415 б.]. Өткен өміріне алаңсыз араласып кетсе де, миының түкпірінде сақталып қалған үрей осылай қайталана береді. Бұл – жазушының сол дәуірдегі қазақ елінің басына түскен зұлматтың қаншалықты ауыр болғанын көрсету үшін алған көркемдік әдісі деп талдаймыз. Бірақ бұл – әдіс емес, таза тарихи шындық деген дұрыс деп ойлаймыз. Хансұлудың өткен

өмірінен соңғы еске түсіруі – өзінің көшіп бара жатқан елмен бірге, түйенің үстінде кетіп бара жатқан сәби кезі. «Бұлар мінген биік, астау бас қызыл нар, ирек мойынын ауық-ауық құрықтай созып жіберіп, жолшыбай кезіккен изен басын орып асап келеді. Бұрқ еткен ақшыл жусан, изен ісі кеңсірікті жарады. Атан, нарлары алшан басып, теңселіп келеді көш. Соншалықты жайбарақат, бейғам, қатары бұзылмаған қазақ көші. Қайдан шығып, қайда бара жатқаны беймәлім өмір шеруі. ...сол көштен түсіп қалып, қапталда телміре қарап, жалғыз қамығып бойжеткен Хансұлу тұр. Сағыныш сазы жанын шабақтайды. Жұртта қалған итше ұлиды жандүниесі. ...Боздап бір жылағысы келді Хансұлудың» [2, 416 б.]. Өмірмен қоштасқалы жатқан Хансұлу рухы осылай шырылдайды. Ешкімге айта алмай іштегі запырандай сағынышын ала кеткен ұрпақ зары осы Хансұлу жанының шарқ ұрған арпалысымен берілген. Әркім өз аталары мен әжелерінің өздеріне айтпаған шындығын, өздерімен бірге алып кеткен сағынышты мұңын романды толық оқып шыққанда ғана ұққандай болады.

Қорыта айтқанда, С.Елубаевтың «Ақ боз үй» роман-трилогиясында қазақ тарихының «қызылдар қырғыны» деп аталып жүрген қасіретті жылдары бүкпесіз шынайы суреттелген. Романда ақ боз үйді суреттеуі ерекше көркемдік мақсатқа айналған. Ақ боз үй бейнесі арқылы терең астарлы шындық берілген. Қиналған сәттерінде, соңғы демі бітерде ақ боз үйді көріп елжіреген кейіпкерлер жүрегіндегі нәзік толқынды сырлар романның бүкіл өнбойында асыл желі болып тартылып жатыр. Ұлттық психология, елге, жерге деген сүйіспеншілік, ұрпақ қамын ойлау, болашаққа сену, бәрі осы ақ боз үй ішінде, қасында, алыстаса сағыныш елес болып көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Әуезов М.* Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. Кіт: Р.Нұрғали Жеті томдық шығ. жин. 5-т. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Астана: Фолиант, 2005. – 536 б.
2. *Елубаев С.* Ақ боз үй. Роман-трилогия. – Алматы: Жазушы, 2005. – 528 б.
3. *Байтұрсынов А.* Ақ жол. Жалын, 1991. – 464 б.
4. *Есембеков Т.У.* Көркем мәтін поэтикасы: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.

#### РЕЗЮМЕ

В статье описывается художественная новизна в романе «Светлая юрта» писателя, Смагула Елубаева. Автор анализирует и разъясняет художественную роль названия романа. Доказывает, что светлая юрта – символ кочевой культуры казахского народа.

**(Камалкызы Ж. О романе «Светлая юрта» С.Елубаева)**

#### SUMMARY

The article describes art novelty of Smagul Elubayev's novel "Bright Yurta". Analyses and explains the art role of the novel title. Proves bright yurta as a symbol of nomadic culture of Kazakh people.

**(Kamalkyzy ZH. About novel "Bright Yurta" by S.Elubayev)**

УДК 828.3

**Р.Б.ТАУКЕБАЕВА**

кандидат филологических наук,  
доцент МКТУ им. Х.А.Ясауи

**Г.А.РИЗАХОДЖАЕВА**

магистрант МКТУ им. Х.А.Ясауи

### **О КОНЦЕПЦИИ ЛИЧНОСТИ В РОМАНЕ Т.ДРАЙЗЕРА «ТРИЛОГИЯ ЖЕЛАНИЯ»**

*В данной статье представляется возможным проанализировать психологические особенности личности финансиста на примере героя романа Т.Драйзера «Трилогия желания» Фрэнка Каупервуда.*

*Личность – это продукт исторического развития, формирующийся в конкретном обществе, на основе конкретных общественных отношений, поэтому для каждого конкретного этапа характерны некоторые типические черты личностной деятельности. Время написания романа совпадает с тем временем, когда американская нация, по мнению Драйзера, развивалась столь однобоко, подчиняя все свои помыслы возможности обогащения любой ценой, что это привело ее к моральной деградации и даже повлекло за собой появление нового типа людей, до такой степени лишенных гармоничности, свойственной человеческой натуре, что они похожи на чудовищ с уродливой гримасой алчности. Драйзер проиллюстрировал данный процесс на примере истории обогащения Фрэнка Каупервуда.*

**(Satibaldiev O.S., Musabekov E. Generate Professional-Pedagogical Characteristics of Future Math Teachers Through Courses of Integrating)**

УДК 370.15

**А.Н.ТЕМИРБЕКОВ**

кандидат технических наук,  
профессор МКТУ им. Х.А.Ясауи

**Ж.Е.ТАСЫБАЕВ**

преподаватель МКТУ им. Х.А.Ясауи

### **ПОТЕНЦИАЛ ПСИХИКИ ИНДИВИДА И ЕГО ВЛИЯНИЕ НА ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНДИВИДА**

*В данной работе рассматривается вопрос, связанный с поведением индивида в различных ситуациях, в зависимости от его психического потенциала. При этом учитывается влияние потенциала психики человека на его деятельность и предлагается математическая формула для принятия решения. Такое принятие решения зависит от потенциала психики самого индивида. Сопротивляемость психики выражает степень индивидуальности человека. Работа механизма сопротивляемости отражается на свойствах характера индивида. Для измерения сопротивляемости используются следующие свойства характера индивида: фантазия, Я – концепция и сила воли. Свойства сопротивляемости индивида отражаются именно на этих свойствах характера.*

*Ключевые слова:* потенциал психики, избирательность психики, волевое действие, принятие решения.

В плане психологического изучения личности, очень большой интерес имеет оценка потенциала психики человека. В работе [1] предлагается математическое выражение оценки этого психического параметра человека в следующем виде:

$$U(\vec{r}) = Y_c \cdot (\vec{c}_s \times \Phi_c) \quad (1)$$

Здесь  $Y_c$  – выражает силу психики; а,  $(\vec{c}_s \times \Phi_c)$  – сопротивляемость психики индивида. Тем самым, мы можем представить себе, что потенциал психики волновое поле содержащееся  $Y_c$  – концепцию. Это волновое поле есть аура индивида. Но с другой стороны, потенциал  $U(\vec{r})$  имеет векторное свойство. Такое свойство и регулирует деятельности индивида.

Прикладная сторона этого вопроса непосредственно связано с прогнозированием поведения человека и о ее самосознании, о личности




как «Я<sub>с</sub>», которое в качестве субъекта сознательно присваивает себе все исходящие от него дела и поступки и сознательно принимает на себя за них ответственность в качестве их автора и творца. Проблема оценки психологического потенциала личности не заканчивается на изучении психических свойств личности ее способностей, темперамента и характера; она завершается раскрытием самосознания личности, имеющий практические следствия [2].

Так воздействием человеческих условий, в которых удовлетворяются потребности ребенка, его поведение начинает определяться не биологическим значением. Это в корне изменяет и то, что выделяет ребенок в вещах, и то, как он на них реагирует. Активность человека уже с самых ранних лет регулируется опытом всего человечества и требованиями общества. Этот тип поведения настолько специфичен, что для его обозначения в психологии употребляется особый термин - *деятельность*.

Существа действенные, люди не только созерцают и познают, но и изменяют мир, преобразуют его. Для того чтобы преобразовывать действительность на практике, нужно уметь преобразовывать ее и мысленно. Этой потребности и удовлетворяет воображение. Воображение (фантазия) неразрывно связано с нашей способностью изменять мир, действенно преобразовывать действительность и творить что-то новое [3]. И определяют направленность наших действия, но и определяют вид деятельности индивида. Векторное свойство потенциала психики человека очень хорошо показана на рис.1.

В воображении проявляются все виды и уровни направленности личности; они порождают и различные уровни воображения. Различие этих уровней определяется прежде всего тем, насколько сознательно и активно отношение человека к этому процессу. На низших уровнях смена образов происходит самотеком, произвольно, на высших в ней все большую роль играет сознательное, активное отношение человека к формированию образов.



*Рисунок 1. Векторное свойство потенциала психики индивида.*

В высших формах воображения, в творчестве, образы сознательно формируются и преобразуются в соответствии с целями, которые ставит себе сознательная творческая деятельность человека. Тем самым у него в психике формируется сопротивляемость ( $\vec{\tilde{C}}_e \times \vec{\Phi}_c$ ). Умноженное значение силы воли на фантазию (воображение) выражает, насколько психика индивида выдерживает критические ситуации. Такое выдерживание осуществляется через  $Y_c$ -концепцию.

К своему «Я» человек в еще большей мере, чем свое тело, относит внутреннее психическое содержание. Но не все и изнего он в равной мере включает в собственную личность. Из психической сферы человек относит к своему «Я» преимущественно свои способности и особенно свой характер и темперамент – те свойства личности, которые определяют его поведение, придавая ему своеобразие. Не каждую мысль, посетившую его сознание, человек в равной мере признает своей, а только такую, которую он не принял в готовом виде, а освоил, продумал, т.е. такую, которая явилась результатом

собственной его деятельности.

Необходимо, наконец, различать виды воображения по их отношению к действительности и к деятельности, долженствующей воплотить мечты в действительность. Здесь приходится проводить различие между бездеятельной пустой «мечтательностью», которая служит лишь для того, чтобы дымкой фантазии заслониться от реального дела, и действенным воображением, мечты которого служат толчком к действию и получают воплощение в творческой деятельности.

Роль воображения в жизни может быть весьма различной, в зависимости от того, в какой воображение включается в реальную деятельность. Все это, зависит в какой среде он, индивид формировался как личность. Здесь мы должны отличить виды деятельности.

Воображение как мысленное преобразование действительности в образной форме может быть тесно связано с изменением действительности, с ее практическим, действенным преобразованием. В таких ситуациях очень большую роль играют творческие способности индивида. Предвосхищая результаты нашей деятельности, мечта, создаваемая воображением, стимулирует к тому, чтобы работать над ее воплощением в действительности, чтобы бороться за ее осуществление. В этом случае начинается формироваться сила воли индивида. Уловление этих моментов играет большое значение в педагогической деятельности.

Всякое волевое действие является целенаправленным действием. Волевое действие сформировалось у человека в процессе труда, направленного на производство определенного продукта. Направляясь на определенную цель, действие в своем ходе регулируется соответствием с этой целью. Цель, преследуемая действующим субъектом, должна осуществиться как результат его действий. Специфически человеческие действия являются волевыми в этом широком смысле слова – все они сознательные, целенаправленные действия, все они включают целеустремленность и регулирование хода действия в соответствии с целью.

Наличие у человека воли связано с наличием значимых для него целей и задач. Чем более значимы и притягательны для человека эти цели, тем – при прочих равных условиях – сильнее будет его воля, напряженнее желания, упорнее стремление к их осуществлению. Значимой целью является для человека то, что связано с его потребностями и интересами. Но для человека значимым является не только то, что связано с его партикулярно-личностными интересами и потребностями.

Воля в специфическом смысле этого слова, поднимающаяся над уровнем одних лишь природных органических влечений, предполагает существование общественной жизни, в которой поведение людей регламентируется нравственностью и правом. В процессе общественной жизни выделяются общественные блага и ценности, которые выступают для индивида как не

зависящие от его влечений объективированные ценности. По мере того как в процессе общественной жизни, в результате воспитания и т.д. общественно значимое становится вместе с тем и личностно значимым, эти объективированные в процессе общественной жизни блага и ценности становятся целями деятельности индивида. Они порождают новые динамические тенденции. Прорастая из общественной жизни, они, включаясь в мотивацию, порождают новое ее содержание и строение: человек не только признает благом и целью своих действий то, а не другое, потому что проникается сознанием, что это благо, что это ценно и должно стать целью его действий. Таким образом, внешняя объективная организация общественной жизни и деятельности людей обуславливает специфический внутренний строй регуляции их деятельности. Она определяется уже не непосредственно влечениями как неосознанными природными силами, а зависит от общественного по своему источнику и содержанию сознательного отношения индивида к совершающемуся, значит, от него, от его свободного выбора, от его воли. Становление воли – это становление субъекта, способного к самоопределению.

В действительности работа механизма сопротивляемости отражается на свойствах характера индивида. Для измерения сопротивляемости воспользуемся такими свойствами характера индивида как «Фантазия», «Я-концепция» и «Сила воли». Так свойства сопротивляемости индивида отражается именно на этих свойствах характера [4]. Такое утверждение подтвердилось в наших исследованиях, что именно степень ассоциирования этих свойств выражает уровень синестезии спортсмена-индивида.

Поэтому, появляется возможность численно измерить уровень синестезии, оценить насколько развиты выше перечисленные свойства спортсмена-индивида. Для этого мы воспользовались тестовым методом, оценивающим эти свойства. В психологии существуют множество тестов определяющих «Фантазию», «Я»-концепцию и «Силу воли» спортсмена-индивида [4].

Если обозначить тест «Фантазия» – как  $\Phi$ , тест «Я»-концепция - как  $Я$ , а тест «Сила воли» – как  $Св$ , тогда формула оценки сопротивляемости выглядит как:

$$B(G(\Phi, Св)) = \begin{cases} \varepsilon_1 \text{ если } U(\Phi, Я, Св) \rightarrow \max \\ \varepsilon_2 \text{ если } U(\Phi, Я, Св) \rightarrow \min \\ \varepsilon_3 \text{ если } U(\Phi, Я, Св) = 0 \end{cases} \quad (2)$$

Из этой формулы видно, что для определения направленности деятельности индивида обязательно умножаются «Фантазия», «Я»-концепция и «Сила воли». Т.е. когда мы будем определять направленность деятельности, мы должны одновременно учитывать эти три характеристики психики индивида.

Проблема воли, поставленная не функционально и формально, а по существу, - это прежде всего проблема *содержания* воли, того, какие мотивы и цели являются для нее определяющими, каково *ее строение*, т.е. того, как реально складываются у людей в тех или иных условиях соотношения между партикулярным (частным) и всеобщим в вещах, значимых для личности.

В действительности всякое подлинно волевое действие является *избирательным* актом, включающим *сознательный* выбор и решение. Но это никак не значит, что борьба мотивов является его центральной частью, его душой. Из самого существа волевого действия, как действия, направленного на достижение цели, на реализацию замысла, вытекает, что основными его частями являются исходная и завершающая фазы – явное осознание цели и настойчивость, твердость в ее достижении. Основа волевого действия – целеустремленная, сознательная действенность.

*Основным содержанием второй фазы в развитии волевого действия являются обсуждение и борьба мотивов.* С другой стороны, борьба мотивов является определяющим фактором при оценке направленности деятельности индивида.

В соответствии со сложностью волевой деятельности сложны и многообразны также и различные волевые качества личности. Среди важнейших из этих качеств можно, во-первых, выделить *инициативность*.

Говорят часто, что «первый шаг труден». Умение хорошо и легко взяться за дело по собственному почину, не дожидаясь стимуляции извне, является ценным свойством воли.

Прямую противоположность им составляют *инертные* натуры. Раз взявшись за дело, инертные люди также способны иногда не без упорства продолжать его, но им всегда особенно труден первый шаг: меньше всего они в состоянии сами что-то затеять и без стимуляции извне, по собственной инициативе что-то предпринять.

В ходе развития, по мере того как человек приобретает жизненный опыт, перед ним не только открываются все новые стороны бытия, но и происходит более или менее глубокое *переосмысливание жизни*. Этот процесс переосмысливания, проходящий через всю жизнь человека, образует самое сокровенное и основное содержание его существа, определяет мотивы его действий внутренний смысл тех задач, которые он разрешает в жизни. Способность, вырабатываемая в ходе жизни у некоторых людей, осмыслить жизнь в большом плане и распознать то, что в ней подлинно значимо, умение не только изыскать средства для решения случайно всплывших задач, но и определить сами задачи и цель жизни так, чтобы по-настоящему знать, *куда* в жизни идти и *зачем*, – это бесконечно превосходящее всякую ученость, хотя и располагающую большим запасом специальных знаний, это драгоценное и редкое свойство – мудрость.

ЛИТЕРАТУРА

1. *Рустамов Н.Т.* Математическая модель потенциала психики человека //Вестник МКТУ им. Х.А.Ясауи, № 3, 2012. – с. 3-8.
2. *Рогов Е.И.* Выбор профессии: Становление профессионала. -М.: ВЛАДОС-ПРЕСС, 2003. -336с.: ил.- (Азбука психологии). ISBN 5-305-00099-8.
3. *Рубинштейн С.Л.* Основы общей психологии. – СПб.: Питер, 2001. – 720 с.
4. *Бобылев С.В., Рустамов Н.Н.* Анализ синестезии спортсменов высокой квалификации //Теория и практика физ.культуры.– М., 2012. – № 9. – С.37- 38.

**ТҮЙІНДЕМЕ**

Бұл жұмыста жеке адамның әр түрлі жағдайлардағы көңіл-күйіне, оның саналық потенциалына тәуелділігіне байланысты болатын мәселелер қарастырылады. Сондай-ақ, адам санасы потенциалының оның іс-әрекетіне әсері ескеріледі және талдау үшін математикалық формула ұсынылады.

**(Темірбеков А.Н., Тасыбаев Ж.Е. Жеке адам санасының әлеуеті және оның жеке адамның іс-әрекетіне әсері)**

**SUMMARY**

This paper addresses the issue related to the behavior of the individual in different situations, depending on his mental capacity. This takes into account the potential impact of the human psyche on its activities and the mathematical formula for a decision.

**(Temirbekov A.N., Tasubaev J.E. The potential of the individual psyche and its impact on the individual)**

ӘОЖ 372.3.3420

**С.Т.НЫШАНОВА**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доцент м.а.

**А.А.ХАЛМЕТОВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Бұл мақалада қазіргі уақыт талабына сай шетел тілінің пән ретінде қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Ол қоғамның әлеуметті-экономикалық, ғылыми-техникалық және жалпы мәдени алға басуында қозғаушы фактор болып табылады. Мұның өзі шетел тілін мектептерде пән ретінде оқытудың дәрежесін жоғарылатуы қарастырылады. Сонымен қатар қоғамдық құрылыстың барлық құрылымдары дамушы жүйе ретінде қарастырылғандықтан, олардың құраушыларының өзара байланысы, өзгерісі басқа элементтерге ықпалын тигізеді. Қоғамдық прогреске сәйкес білім беру мазмұны өзгерістер мен толықтыруларға ұшырайды. Қазіргі заман талабына сай ағылшын тілі сабақтарында жаңа педагогикалық технологияларды тиімді қолдануда.*

*Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану оқушылардың жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, пәнге қызығушылығын арттыруы қарастырылады.*

*Кілт сөздері:* ағылшын тілі, жаңа педагогикалық технология, инновация, оқыту.

Білім беру – қоғам мүшелерінің адамгершілік, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбие мен оқыту үдерісі. Білім беру ісі (жалпы және арнаулы жүйесі) шеберлікке, дағдыға баулудың өсіп, өрбіп, белгілі бір кәсіпке, мамандыққа үйретумен тиянақталады. Жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының сипатына қарай білім беру деңгейлері ажыратылатыны белгілі.

Білім берудегі өзгерістерге жас ұрпақтың үш тілді (қазақ, орыс және шет тілін) оқып үйренудің көрсетілуін жатқызуға болады. Тілдерді оқу “Білім туралы” заңның 5-бабында (Оқыту және тәрбиелеу тілі) “... қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып-үйренуді қамтамасыз етуге тиіс”- деп көрсетілген [1].

Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдегі бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсеткендей, жалпы білім беретін мектептер реформалары оқыту формаларын, құралдарын және әдіс-тәсілдерін жетілдіру арқылы өсіп келе жатқан ұрпақтың ақпараттық кеңістікке енуін және оған бейімделуін қамтамасыз етуге бағыттай бастады [2].

Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану оқушылардың жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, жаңа педагогикалық технология құралдарын ұсынылып отырған материалға жоғары деңгейдегі көрнекілік ретінде пайдалануға мүмкіндік береді, оқыту үдерісіне алуан түрлі жаттығуларды енгізу мүмкіндігін кеңейтеді, үздіксіз қарым-қатынас барысында оқу үдерісінің жандануын қамтамасыз ете алады, міне осының барлығы оқушылардың оқытылатын материалға жағымды қарым-қатынасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді [3].

Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- деңгейлеп саралап оқыту;
- оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту.

Педагогикалық технологияның қажеттілік, үнемділік, жобалау, бүтіндік, меңгерушілік, түзетушілік, көру, алгоритмділік, мақсатты білім беру деген ұғымдарды өз ауқымына сыйдырады.

Оқушыға жалпы бірдей қалыптасқан, дәстүрлі әдістермен әлемдік деңгейдегі озық технологияларды салыстыра, байланыстыра, өмір тәжірибесіне ұштастыра отырып білім беру, білімге дұрыс бағыттай білуге үйрету - әрбір оқытушының міндеті.

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың білім-біліктілік, танымдық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруда ойын элементтерін қолданудың маңызы зор. Сабақ үрдісінде оқушыларға ойынның мақсаты мен талаптары, ережесі толық түсінікті болуы өте маңызды рөл атқарады. Ойын әдісі арқылы оқыту олардың, пәнге деген қызығуын арттырамыз, өз ойын,



пікірін, көзқарасын білдіруге, екінші бір адамның жауабын тыңдап, оны толықтыруға, жетістіктері мен кемшіліктерін айта білуге жаттығады. Жақсы құрастырылған және де үздік әдіспен ұйымдастырылған ойын практикалық, тәрбиелік және дамытушылық жағынан оқыту тәсілі болып табылады [4].

Енді шетел тілі сабақтарында қолдануға тиімді болып табылады деген ойын элементтеріне тоқтала кетелік. Шетел тілі сабағында қолданылатын оқу ойындарының мақсаты мен міндеттері бойынша тілдік, және сөздік деп бөлуге болады.

Тақырып: “Escape”

1. Сабақ барысы

Good afternoon, children! Glad to see you again. I hope you are fine.

Today we have the final lesson on the topic “Escape”. You’ll work in groups and you’ll get a “star” for the each right answer.

Students do you agree with the proverb “So many countries, so many customs”

2. Lexical- grammatical drill

Teacher: By the way, students, what’s the Kazakh or Russian for:

So many countries, so many customs

So many men, so many minds

Custom is a second nature

Students answers:

У каждой пташки свои замашки.

Сколько стран – столько и обычаев.


Сколько голов – столько умов.

Сколько людей, столько и мнений.

Привычка – вторая натура.

3. Teacher: Thank you for your answers. Now every group will receive one sheet of paper where the only word is written, it’s the word “country”. It’s a keyword. You have to do a word-web. The groups complete the spider gram and the group which finishes first wins.

For example:



4. Now you are getting sheets. The task is to find the adjectives describing life in a city and life in the country. Do it in groups!

A	B
Fast	cheap
Small	slow
Clean	unhealthy
Safe	unfriendly
Quiet	dirty
Old	noisy
Healthy	dangerous
Friendly	modern
Interesting	boring
Expensive	big

The group which completes the work first gets the “star”.

Students are divided into three groups and they speak about the different countries: Kazakhstan, England and USA.

For example:

*Kazakhstan*

Kazakhstan took its Independence in 1986.

The first president of Kazakhstan is Nursultan Nazarbaev.

New capital of Kazakhstan is Astana.

Turkistan is an ancient town in Kazakhstan.

There are sixteen regions in Kazakhstan.

The largest lake is Balhash.

*The USA*

- Christopher Columbus discovered America in 1492.
- The name of the ship that sailed from England to America was “Mayflower”
- The first president of the USA was George Washington.
- There are 50 states in the United States.
- The capital of the USA is Washington DC.
- There are many places of interest in the city. They are: the White House, the Capitol, the Statue of Liberty, etc.

*Great Britain.*

- England became a great country at the beginning of the 11<sup>th</sup> century.
- In 1066 William the Conqueror became the King of England.
- The Great Fire in London was in 1666.
- London is the capital of Great Britain.
- The heart of London is the City.
- There are a lot of sights in London. For example, Trafalgar Square, Westminster Abbey, Buckingham Palace, Big Ben, the Houses of Parliament, etc.

Teacher: Thank you, children, for your interesting information: all of you are well done. Let’s talk about holidays celebrating in Kazakhstan, in America and in Britain.

Captains, go to my table and get the boxes for your teams. There are the names of some holidays in the boxes. Look at the blackboard! Here you can see the names of the countries. (Kazakhstan, the USA, Great Britain)

Your task is to find in the box the holidays celebrating in “your” country and to put them on the blackboard with magnets and to pronounce the words correctly.

The group which completes the work first gets the “star”.

For example:

Kazakhstan	Great Britain	The USA
The New Year	St. Valentine’s Day	Mother’s Day
Nauryz	St. Patrick’s Day	Thanksgiving Day
Republic’s Day	The New Year	Halloween
The 8 <sup>th</sup> of March	Christmas	Memorial Day(May)
The 1 <sup>st</sup> of May	Halloween	Veteran’s Day
Victory Day	Mother’s Day	Independence Day
Independence Day	Fool’s Day	Easter
Kurban Ait	Boxing Day	The New Year

Teacher: Are there any common festivals celebrating in these 3 countries?

Students find the holiday which are the same in these three countries

The group which completes the work first gets the “star”

In the next exercise you see groups of words. In each group there is a word which does not go with others. Find this word, please!

1. Apples, candy, fruit, oranges, eggs.
2. Santa Clause, snow, snowflakes, winter, Christmas Tree, butterfly.
3. Kazakhstan, America, France, Monday, England.
4. Do home task, celebrate, decorate, go shopping.

(Keys: 1. eggs 2. butterfly 3. Monday 4. do home task)

At the end of the lesson if students are tired you can do this:

Are you tired? Let’s do the exercises!

Hands on your hips,

Hands on your knees,

Put them behind, if you please,

Touch your shoulders,

Touch your nose,

Touch your ears,

Touch your toes.

Raise your hands into the air, to the sides, on your hair,

Raise them up as before,

While clapping –

One, two, three, four.

#### Conclusion

What else have you known today?

Students: We have known that

- every country has its customs,
- every country has its symbols, flags
- every country has its famous people, etc.

At the end of the lesson each team counts their stars and the team which has more stars is a winner.

Teacher: Today at the lesson we've talked a lot about Kazakhstan, Great Britain, and the USA. We have talked about festivals celebrating in these countries. We are different and we can say: "So many countries, so many customs".

Оқытушы ойынның жүру барысында оқушылардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар оларды ойын үстінде дұрыс шешім қабылдай білуге жетелеуі маңызды болып табылады. Жеке тұлғаны қалыптастыру үстінде оқушы қабілетін зерттеудің тиімділігін де пайдаланған абзал. Біздің мақсатымыз – ақыл-ойын, сезімін, білімін, құзыреттілігін еркін үйлесімділікте ұстай білетін, өнегелі мінез қалыптастырып, адамгершілік қағидаларды меңгерген тұлға тәрбиелеу. Бұл ретте білім мен тәрбиені ұштастыра отырып оқушылардың бойында өзіне сын тұрғысында қарау түсінігін қалыптастыруға күш салуымыз қажет. Ол үшін әңгіме, пікірталас, және басқа әдіс-тәсілдерді, сондай-ақ рөлдік, іскерлік ойындарды енгізіп отырған жөн.

Педагогикалық технологияларды талдау барасында мына факторлар ескерілуі керек:

- Алынып отырған технология сабақтың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы;

- Тиімділігі, жүйелігі және басқа жақтары.

Қазіргі заманда барлық елдер бірінші орынға білім беру сапасын қояды. Оның өлшемі тек сауаттылық деңгейімен (жазу, оқу, есептеу) өлшенбейді, оның критерийі – функционалдық сауаттылық. Мектептерде және жоғары оқу орындарында ойын түрлері мен әрекеттерін қарастыра келе, мынадай қорытынды жасауға болады: оқушылар ойын әдістерінің жүргізілген кезде өте еркін, яғни олар ойын барысында өздерін өте еркін ұстайды, рөлдік ойындарды да нағыз образға шынайы түрде ене отырып орындайды.

Сондықтан сабақ барысында педагогикалық технологияларды сонын ішінде, ойын технологиясының маңызы зор. Жаңа педагогикалық технология (ойын технологиясы) оқушылардың әртүрлі пәндерден алған білімдерін біріктіріп, нәтижесінде олардың пәнді оқудағы әдістемелік даярлығын жетілдіруге негіз қалайды. Сонымен қатар, жаңа педагогикалық технологияларды ағылшын тілі сабағында пайдалану оқушылардың оқу материалдарын жақсы меңгеруге мүмкіндік берді, олардың танымдық белсенділігін арттырды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. –200 б.
2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы: Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы, 2006 ж., наурыз [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. *Таубаева Ш.Т.* Оқытудың қазіргі технологиялары // Бастауыш мектеп. -1999. - №4. – 5-15 б.
4. *Беркимбаев К.М., Нышанова С.Т., Керимбаева Б.Т.* Применение информационно-компьютерных технологий для активизации процесса обучения иностранным языкам в ВУЗе. //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. -2011. -№4 (36). - 50-53 б.

**РЕЗЮМЕ**

В этой статье рассматривается методика обучения английского языка с использованием новых технологий, кроме того в обучении английского языка рассматривается возможность использования новых педагогических технологий, развитие учебно-познавательных навыков во время освоения нового языкового материала, возможность повышать интерес к предмету у учащихся.

**(Нышанова С.Т., Халметов А.А. Эффективность использования новых педагогических технологий в обучении английскому языку)**

**SUMMARY**

The article deals with the effectiveness of using new technologies in teaching English. It also says about the opportunities of new technology in the teaching process. The new technology helps students to cope with new language materials and increase the students' interest to the subject.

**(Nushanova S.T., Halmetov A.A. Effectiveness of Using New Pedagogical Technologies in Teaching English)**

ӘОЖ 372. 52 045

**Е.АУЕЛБЕКОВ**

педагогика ғылымдарының кандидаты,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің доценті

**Т.СУЛТОНОВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПӘНДЕР ИНТЕГРАЦИЯСЫН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Мектеп оқушыларына бейнелеу өнерін оқытуда қолданылатын пәндер интеграциясы олардың бүкіл танымдық іс-әрекеттерін арттыруға көмектесетін маңызды құрал болып табылады. Эстетикалық тәрбие беру тұрғысындағы пәндердің, әсіресе бейнелеу өнері пәнін оқытудағы пәндер интеграциясы арқылы оқушыларда дүниетаным қалыптастырудың мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі орны мен рөлі ерекше. Интеграцияланған білім мен тәрбие беруде бейнелеу өнерінің оқушылардың оқуға қызығушылықтарын арттыруға тигізер әсері күшті. Бейнелеу өнері сабақтарында пәндер интеграциясына қажетті материалдарды кеңінен пайдалану – оқушылардың табиғатқа, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, эстетикалық көркем тәрбие берудің, айналадағы дүниені шынайы танудың, дүниетанымын қалыптастырудың маңызды бөлігі.*

*Кілт сөздері:* бейнелеу өнері, пәндер интеграциясы, танымдық іс-әрекет, дүниетаным.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың ең маңызды алғы шарттарының, талаптарының негізі - нақты деректерге негізделген білімдермен қаруландыру. Яғни, ғылыми дүниетаным ғылыми білімге негізделуі қажет. Нақты айтқанда, ғылыми білім – жеке тұлғаны қалыптастырудың, дүниені терең танудың тірегі деп есептеледі. Берілетін білім неғұрлым терең, нақты әрі ғылыми деректерге негізделетін болса, онда соғұрлым оқушының бүкіл дүние құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсінуіне мүмкіндік туады. Бұл өз кезегінде пәндер интеграциясына да тікелей байланысып жатады. Соған сәйкес мектептегі бейнелеу өнерін оқытудағы оқушыларға берілетін барлық білімдердің жиынтығы, бейнелі қабылдаудың заңдылықтары, бейнелеу өнерінде қолданылатын саналуан, т.б. ұғымдар тілдің көмегімен беріледі. Яғни, барлық пәндерді оқытуда ана тілінсіз балада дүниетаным қалыптастыру мүмкін емес.

Д.Әлімжанов былай түсіндіреді: «Біз оқушыларға ана тілінен білім беру дегенді кең түсінеміз. Өйткені тіл – оқушыларды дүние тануға баулитын қоғамдық құрал. Тілсіз қоғам жоқ, тілсіз ғылым жоқ. Адамдар өзінің қоғамын

қашан да тіл арқылы дамытуда» [1].

М.Жұмабаев: «Тіл – адам жанының тілмәші. Тілсіз, жүрек түбіндегі бағасыз сезімдер, жан түкпіріндегі асыл ойлар көрмей, қор болып қалар еді. Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Ойлаған ойын сыртқа шығарып, басқаға ұқтыра алса, адамның не арманы бар... Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр», - деп тілдің маңыздылығына түсіндірме береді [2].

Бастауыш сыныпта бейнелеу өнері білімдерін ана тілі арқылы оқушыларға жеткізу - аса маңызды қажеттілік болып табылады. Ана тілінің оқушылардың бүкіл танымдық өрісін, қажетті білім алып, оқу-танымдық іс-әрекетін дамытуға, көркем шығармаларды түсініп, оған өз көзқарасын білдіруге, т.б ықпал жасауы әсіресе эстетикалық тәрбие бағытындағы бейнелеу өнері, музыка, еңбекке баулу пәндерінде ерекше көрінеді.

Бастауыш сыныпта ең кең тараған оқыту әдісін, яғни мұғалімнің ауызша баяндау әдісін барлық сабақтарда, барлық пәндерді оқытуда, сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе жаңа материалды түсіндіруде кеңінен қолданады.

В.А.Сухомлинский: «Сөз - ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың. Бастауыш сыныптың мұғалімі – ең алдымен тіл маманы», - деген анықтама береді [3].

Қазақтың көрнекті дидактик-педагогі Т.С.Сабыров оқушылардың жалпы оқу білік-дағдыларын үш топқа бөледі: 1) оқу еңбегін ұйымдастыру; 2) кітаппен және басқа оқу құралдарымен жұмыс істеу; 3) ауызекі және жазба тіл мәдениетін жетілдіру. Ғалым үшінші топтың өз ішіндегі білік-дағдыларды жүйелеудің негізгі идеясын – көру және есту арқылы күрделілік сипаты әр түрлі қабылданатын мғтіндер мен бүкіл оқу жылы бойында жүргізілетін жұмыстар бойынша оқушының ауызекі және жазба тіл формаларын дамытуға қол жеткізу деп анықтай келе, оқытудың негізгі мақсатының біріне оқушылардың ғылыми дүниетанымын қалыптастыруды жатқызады. Сөйтіп, оқушылардың ғылыми көзқарасы мен сенімдерін қалыптастыру оқу пәндерін оқытуда олардың танымдық және тәрбиелік мүмкіндіктерін мейлінше қиібірек пайдалануды керек ететіндігін баяндайды [4].

Оқушылардың жеке бастық қасиеттерін қалыптастыруда бейнелеу өнерінің, бейнелеу іс-әрекетінің маңызы зор. Бала өзін қоршаған дүниедегі оқиғалар, заттар мен құбылыстарды бейнелеуге әуес келеді. Оларды бақылап, түсіне білуге, ондағы әсемдікті, сұлулықты көруге тырысады, сол құбылыстарға эстетикалық тұрғыдан баға беруге талпынады. Бейнелеу іс-әрекеті кезінде қалыптасатын эстетикалық, әсемдік сезімдер оқушылардың бүкіл мінез-құлқына, барлық әрекеттеріне ықпал жасайды.

Оқушылардың сурет салу іс-әрекеті олардың жаппай шұғылданатын ісі деп атауға болады. Олар бейнелеу ісіне бейімділік қана танытып қоймай, қабілеттілік пен талғампаздық көрсете біледі, тек қажетті мөлшерде ықпал,

демеу жасалынса, қосымша түрткі мен ынта тудырылса, олардың бейнелеу, сурет салу қабілеттері артып, соның жемісін жылдам бере бастайды.

Бейнелеу іс-әрекетінде оқушылардың дүниені, қоршаған орта заттары мен құбылыстарын өзіндік таным деңгейі бойынша қабылдауы мен түйсінуі жүргізіледі.

Өмірді жас ерекшеліктері бойынша, танымдық мөлшері арқылы бақылай отырып, сол бақылап, білгендерін қағаз бетіне түсіру – бастауыш сынып оқушыларының ең сүйікті іс-әрекеттерінің бірі.

Бейнелеу іс-әрекеті оқушылардың бойында адамның ішкі жай-күйін, оның сезімдері мен толғаныстарын дұрыс түсініп, сурет арқылы дұрыс бейнелеу қабілетін, сол арқылы рахымшылдық қасиетін, адамгершілік сапаларын дамытуға күшті әсер етеді. Бейнелеу іс-әрекеті балалардың бойында адамның өмірге қарым-қатынасын адамгершілік тұрғыдан түсіну, эстетикалық баға беру қабілетін қалыптастырады, өзіне және басқа адамдарға деген қайырымдылық пен қатынасты түсініп, бағалай білуге үйретеді.

Орыс психологі А.А.Потебня балалардың өмірді, дүниені бейнелі көруін оларға тән органикалық құбылыс екенін көрсете келе, бастауыш сынып оқушыларының шынайы көзқарасына, қабылдау тазалығына сәйкес оларды дайын суретшілер деп таныған. Балалардың салған суреттеріне таза деген баға беріп, олардың суретші сияқты ойлауы ерекше дарындылықтан, арнайы дайындықтан емес, дүниені тану ерекшеліктеріне байланысты болатындығын жазған [5].

Бейнелеу өнерінің оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға тигізер зор ықпалына, маңыздылығына байланысты қарастырылған теориялық идеялардың, ой-пікірлердің негізінде мынадай басты-басты тұжырымдарды анықтауға болады:

1. Дүниедегі заттар мен құбылыстар әрдайым қозғалыста болып, өзгерістерге түсіп отырады.

2. Дүниеде кездесетін барлық заттар табиғи, яғни табиғаттың күшімен жасалған заттар (өзен, тау, аспан, т.б.) және жасанды, яғни адамның қолымен жасалған заттар (барлық өнер туындылары, сәндік-көлөнер заттары, тұрмыс заттары, техника құралдары, т.б.) болып екіге бөлінеді.

3. Барлық заттар міндетті түрде белгілі бір кеңістікте орналасады және сол кеңістікте орын ауыстырады.

4. Дүниедегі заттар мен құбылыстар тек қана жарық арқылы көзге көрінеді және жарық арқылы олардың көлемі, пішіні, түсі, табиғаты анықталады.

5. Табиғатта кездесетін барлық заттардың өзіне тән фактурасы, жасалу, шығу тегі болады.

Сонымен, бастауыш сынып оқушыларының бейнелеу өнері арқылы, бейнелеу іс-әрекетіндегі көптеген өзіндік сипат-ерекшеліктеріне байланысты бұл жастағы балаларға бейнелеу өнері пәні бойынша білімдер беріп, ептіліктер мен іскерліктерді, дағдыларды пәндер интеграциясы арқылы



қалыптастырудың маңызды екендігі анықталады. Сурет салуға оқушылардың психикалық, физиологиялық мүмкіндіктері жоғары болуына және бейнелеу өнеріне үйретудің сензитивті, яғни ыңғайлы кезең болуына байланысты бастауыш мектептегі бейнелеу өнері пәнінің келешек ұрпаққа дүниетаным қалыптастырып, олардың ақыл-ойын, қабілетін, ойлау мен қиялын, танымын арттыруға бағытталған мақсат-міндеттерінің ауқымы кең. Балалардағы көркемдік-бейнелік, шығармашылық бастауларды дамыту олардың белсенді өмірлік ұстаным қалыптастыруына септігін тигізіп, оларға сұлулық пен дүниелік тепе-теңдікке жол ашып береді.

Бейнелеу өнеріндегі пәндер интеграциясы тұрғысындағы танымдық мәселелерді шешу оқушылардың бүкіл дүниетанымын қалыптастыруға әсер етіп қана қоймай, оқу іс-әрекетінің күшеюіне, яғни оқушылардағы ойлау, эмоционалды-еріктік, сөйлеу, қиял, ес сияқты күрделі танымдық процестердің алға жылжуына, дамуына тікелей әсер етеді. Баладағы психикалық үдерістердің өнімділігін, жемісті болуын арттыруға білімдерді кіріктіру сапасы мен деңгейін анықтап, пәнаралық байланыстар бүкіл оқытудағы дамытушылық қызметтер атқарады.

Бейнелеу өнеріндегі пәндер интеграциясының пәрменді дидактикалық жүйесін құру қазіргі кездегі ғылымаралық және әдіснамалық біріктіру сияқты ғылымды дамыту бағытынан туындайды. Бұл пәнаралық интеграциялық байланыстар оқушылардың нақты білімін қалыптастырады, ғылым негіздерін жүйелі түрде игеруді негіздейтін гносеологиялық мәселелерді ашуға көмектеседі.

Бейнелеу өнеріндегі пәндер интеграциясында танымның жаңа нысаны ретінде әртүрлі пәндерден алынған білім бөліктерінің арасындағы байланыстар қарастырылады. Оқыту мен тәрбиелеудегі тарихи қоғамдық және ғылыми жаратылыстану, гуманитарлық-эстетикалық пәндердің жалпы міндетін анықтайтын «адам-қоғам-табиғат» деп аталатын өзара байланысын талдауды, ғылымның адамгершілік аспектілерін пәндер интеграциясы негізінде ашуды көздейді.

Бастауыш сыныпта пәндер интеграциясы арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру барысында бейнелеу өнері пәнінің білім мазмұнын сипаттауда оны өнер саласының түрлерін тану бағытындағы пәндер қатарына жатқызады және ән, музыка пәнімен бірлесе отырып осы бағыттағы пәндерді құратындығы анықталады [6].

Бейнелеу өнері пәнінің бастауыш сыныпта оқылатын музыка, еңбекке баулу, дүниетану, математика, ана тілі пәндерімен пәнаралық байланыста болуы – қазіргі бастауыш сыныпта оқыту үдерісіндегі күнделікті құбылыс болуы тиіс. Яғни, бастауыш сыныптарда эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру барысында бейнелеу өнері пәнінде пәндер интеграциясын көптеп пайдалану – қазіргі күрделі жаһандану барысындағы, қуатты білім алу қажеттілігі түрткісінің өршу кезеңіндегі заңдылық болуы қажет.

Сондықтан, бейнелеу өнері пәнінің эстетикалық тәрбие беру бағытындағы

пән ретінде бастауыш сыныптарда оқыту барысында оқушыларда дүниетаным қалыптастыру үшін пәнаралық байланысқа түсетін ана тілі, ән, дене шынықтыру, еңбекке баулу, дүниетану, математика, т.б. пәндерінің маңызы зор.

Бейнелеу өнерін оқытуда балалардың эстетикалық қабылдауына да пәндер интеграциясы пәрменді ықпал жасайды. Эстетикалық қабылдау - баланың ақиқат құбылыс пен өнер үдерісіндегі эстетикалық сезім күйін тудыратын қасиеттерді айқындай алу қабілеті. Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруда өнерді тану бағытына жататын пәндердің, яғни бейнелеу өнері және ән пәндерінің өзара интеграциясы және басқа пәндермен байланысы маңызды рөл атқарады.

Педагогтар Б.Т.Лихачев, Б.М.Неменский, В.С.Кузиннің өзара байланыстағы барлық дүниенің байланыста оқытылуы тиіс екендігі туралы тұжырымына сәйкес біздің түйініміз - оқу пәндерінің арасындағы байланыстың орнығуы білім жүйесін қалыптастыруға маңызды ықпал жасайды әрі оқушылардың дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыруға септігін тигізеді. Яғни, бастауыш сыныптардағы бейнелеу өнерінің басқа пәндермен (ана тілі, дүниетану, математика, музыка, еңбекке баулу) байланысы оқушылардың бүкіл танымдық аумағын кеңейтуге, білім қорын арттыруға, қызығушылық, ынта-ықыластарын өсіруге, эстетикалық тәрбиесін дамытуға көмектеседі, сөйтіп, олардың дүниені тануға бағытталған іскерліктерін жемісті етеді.

Пәндер интеграциясы мәселесін қарастыруда жүйелілік принципін қолдануды бір оқу пәнінің төңірегінде ғана емес, білімді дамыту тұрғысында пәндерді кіріктіру қажеттілігі туындайды. Ғылымның кейбір аумақтары шындық дүниені зерттеу барысында өзара байланыс пен өзара әрекетке түседі. Оқу пәндері негізінен қандай да бір ғылымның аумағында құрылады. Пәндер интеграциясы өзара сәйкес ғылымдардың нақты болып жатқан қатынастарын білдіреді және соған сәйкес оқу-тәрбие үдерісінде ауқымды қызмет атқарады.

Пәндер интеграциясының негізгі қызметіне кіретін іс-әрекеттер:

1) оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру, олардың адамға, табиғатқа, қоғамға, техника және технологияға біртұтас көзқарасын қалыптастыру;

2) политехникалық білім мен еңбекке оқытуды жүзеге асыру. Көптеген техника мен технология ұғымдары, жалпытехника және жалпытехнологиялық ептіліктер мен дағдылар әртүрлі пәндерді игеру барысында қалыптасып, пәнаралық сипатқа ие болады;

3) тәрбие міндеттерін шешу, яғни:

а) оқушылардың ақыл-ой, эмоционалдық және дене іс-әрекетіне әсер ете отырып;

б) адамгершілік, эстетикалық, саяси және еңбек тәрбиесінің бірлігін жүзеге асыра отырып, қазіргі заманда білім беру жүйесіндегі барлық бірліктердің кешенді жүргізілуіне ықпал ету.

Өнер саласындағы оқытылатын пәндер арасындағы байланыстар өздерінің мазмұндық жағынан ғылым негіздері бойынша пәндер арасындағы қатынастардан бөлектеу болып келеді. Мәселен, математика пәнінің белгілі бір тарауының еңбекке баулу сабақтарында өткізілуін елестету өте қиын. Осыған сәйкес, бейнелеу өнеріндегі мысалы, портрет жанрының көптеген белгілері мен ерекшеліктері бейнелеу өнері сабақтарына қарағанда ана тілі пәні сабақтарында

көбірек айтылады, таныстырылады, пайдаланылады. Яғни, кейбір жағдайда ана тілі пәнінің білім мазмұнында бейнелеу өнерінің материалдары бейнелеу өнері пәнінің білім мазмұнындағыдан қарағанда көбірек беріледі. Содан барып, арнайы пән ретінде бейнелеу өнері пәні кейбір тараулар бойынша басқа пәндерге қарағанда өзіне қатысты білімді өзіндік мазмұнда береді.

Дегенмен, пәндердің оқу бағдарламалары мен оқулықтарында пәнаралық байланыстағы пәнаралық келісім реттеліп, білім сапасының артуы толық қамтылмауы мүмкін. Яғни, басқа пәндерді оқытуда бейнелеу өнері шығармаларының пайдаланылуы пән мұғалімдерінің шеберлігіне, тәжірибесіне сүйенеді.

Баланың қоршаған дүниеден алатын барлық ақпараттарының 90%-ы көру түйсігі, көру талдағышына тиесілі. Яғни, баланың көзі затты, айналадағы дүниені, құбылыстарды тануды жүзеге асыратын бірден-бір сезім мүшесі болып табылады. Сондықтан оқушылардың байқағыштығын, яғни заттар мен құбылыстарды салыстыру, олардың ұқсастығы мен айырмашылықтарын табу, заттарды пішіні мен фактурасына қарай жіктей білу қабілеттерін дамыта отырып, олардың қабылдау үрдісін арттыру маңызды орын алады.

Осыған сәйкес бастауыш мектепте бейнелеу өнері пәні бір-бірімен байланысқан екі күрделі міндеттерді шешуді көздейді: оқушылардың көру түйсігін дамыту; көргендерін түсіну, ұғыну іскерлігін қалыптастыру.

Орыс педагогі, бейнелеу өнерін оқытудың негізін қалаушылардың бірі П.П.Чистяков оқушылардың байқағыштығын дамыту туралы: «Ең бастысы натураға қарауды үйрету керек, бұл ең қажетті және анағұрлым ауыр жұмыс болып табылады», -деп түсіндірме жасады [7].

Затқа қарап сурет салу барысында бейнеленетін зат немесе заттар жиыны оқушылардың түсінік-пікірлері, ой-қорытындыларының нақты әрі дұрыс болуына көмектеседі, өйткені көз алдарындағы заттар көруге, ұстауына, өлшеп, салыстыруларына мүмкіндік береді. Оқушыларды бейнелеу өнеріне үйретудің затқа қарап сурет салу, яғни көру арқылы және ұстап, сипап көру, яғни жапсыру немесе мүсіндеу көмегімен жүргізілуі қажеттілігі басым болады. Себебі үш кеңістік өлшемінде, атап айтқанда алдынан, жанынан және төбесінен қараған көрінісі арқылы затты тануда қабылдау нәтижелі болып, заттың пішіні, түрі, өлшемі, материалдылығы нақты сезініліп, ауқымды түсіну жүзеге асырылады.

Қазақтың атақты өнер майталманы, тұңғыш халық суретшісі Әбілхан Қастеев өзінің балалық шығармашылық қабілетін, суретшілік дағдыларын өзен жағасындағы балшықтан жан-жануарлардың мүсінін жасаумен шыңдаған, яғни мүсіндеудің оның келешек көркемдік, суретшілік шеберлігінің қайнар көзі, бастауы болғандығын дәлел ретінде келтіруге болады.

Н.Н.Ростовцев орыстың атақты суретшілерінің ішінде И.В.Крамскойдың көптеген портреттік шығармаларын орындау барысында натураның бейнесін сөзбалшықтан жасап алып, кейінгі портреттердің жазылуына пайдаланғанын жазады [7,101 б.].

Бейнелеу өнеріне үйретуде затқа қарап сурет салудың дүниетану пәні материалдарымен байланысы өте кең қолданылады.

Осыған сәйкес, бейнелеу өнерін оқытуда пәнаралық интеграцияға қажетті

материалдарды кеңінен пайдалану – оқушылардың табиғатқа, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, эстетикалық көркем тәрбие берудің, айналадағы дүниені шынайы танудың, дүниетанымын қалыптастыруының маңызды бөлігі болып анықталады.

Қорыта келгенде, оқушылардағы шындық дүниеге эстетикалық қатынастары барлық оқу пәндерін, өмірдің барлық жақтарын, іс-әрекеттің барлық тұстарын қамтиды. Эстетикалық тәрбие беру тұрғысындағы пәндердің, әсіресе бейнелеу өнері пәнін оқытудағы пәндер интеграциясы арқылы оқушыларда дүниетаным қалыптастыру мәселесі мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі орны мен рөлі бойынша анықталады. Қазіргі кезде бейнелеу өнері сабақтарындағы оқу іс-әрекетінің бағдары өзгерді, яғни балалар тек сурет салып қана қоймай, жапсыру, құрастыру, сәндік-қолданбалы өнер, т.б. іс-әрекеттерімен шұғылданады. Бұл күрделі үдерісте бейнелеу өнері сабақтарындағы пәндер интеграциясы оқушылардағы білімге деген қызығушылықты арттырып, дүниетанымын кеңейтуге көмектесетіндігі айқын.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бержанов Қ.Б.* Оқу ағарту халықтар достығы. – Алматы: Кітап, 1976. –280 б.
2. *Жұмабаев М.* Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 1992. –160 б.
3. *Яковлев Н.М., Сохор А.М.* Методика и техника урока в школе. 3-е издание. – Москва: Просвещение, 1985. –208 с.
4. *Сабыров Т.С.* Оқыту теориясы негіздері. Педагогикалық колледждер мен училищелерге арналған дидактикалық оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1993. – 96 б.
5. *Маймин Е.А.* Эстетика – наука о прекрасном. – Москва: Просвещение, 1982. – 192 с.
6. *Бейсенбаева А.А.* Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдастыру. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1995. –117 б.
7. *Ростовцев М.Н.* Методика преподавания изобразительного искусства в школе. Второе издание. – Москва: Просвещение, 1980. -239 с.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются некоторые особенности применения интегрированных предметных материалов в процессе обучения изобразительному искусству школьников начальных классов.

**(Ауелбеков Е., Султонов Т. Особенности применения интеграции предметов в преподавании изобразительного искусства)**

#### SUMMARY

This article deals with some of the issues of increased interest in studying students in learning the fine art.

**(Auelbekov E., Sultonov T. Peculiarities of object integration use in teaching arts)**

### З. ДҮЙСЕМБЕКОВ

«Түркістан. Ясауи» кәсіби колледжі оқу бөлімінің меңгерушісі

#### КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫН АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Адамгершілік тәрбиесі дегенде алдыменен жас баланың өскен ортасы, бірге оқыған құрдастары арасындағы ізгіліктен тұратын адами қарым-қатынасы еске түседі. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізі отбасында қалыптасады дейтініміз сондықтан. Ал адамгершілік қасиеттер адамды ізгілікпен ұштастырады. Достыққа берік бала көңіл әрқашан айналасына өзінің пәктігімен, адалдығымен, тіпті аңғалдығымен қарайды, ал оларды дұрыс бағыттап, салиқалы қалыптасуына ықпал ететін, әрине, ата-ана, сосын міндетті түрде білім беретін ұстазы. Ұстаздың ұлағаттылығы да осыдан көрінеді. Тоғызжылдықты немесе жалты орта мектепті бітірген ұл-қыз болашақ мамандығын колледжден алғысы келсе, олардың нағыз алып-ұшып тұратын өтпелі кезеңі де осы жаста екендігі белгілі. Сондықтан да колледж оқушыларына саналы тәрбие беру мұнда қызмет істейтін педагогтар қауымына да елеулі міндеттер жүктейтіні анық. Бұл мақалада колледж оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір өзіндік ерекшеліктері бар екендігіне бас назар аударылған.*

*Кілт сөздері:* жандүние, руханият, адамгершілік, мінез-құлық нормалары, ұрпақ тәрбиесі, жас ерекшелігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев өзінің дәстүрлі (2012 жылғы 14 желтоқсан) Халыққа Жолдауында «Еліміздің болашақта қандай болатыны балаларымыздың бойына өзіміз қандай тәрбиені сіңіретінімізге тікелей байланысты... Біз мемлекеттілігіміздің рухани мәселелер экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. Рухани дамуда негізгі рөлге әрқашан интеллигенция ие» деп атап өткен болатын [1]. Демек, жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпақтың рухани жандүниесін қалыптастыру, оған адамгершілік тәрбие беру болып табылады.

Жасөспірім жандүниесінің рухани жағынан бай болуы оның бойына кішкентайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық секілді адамгершіліктің құнды қасиеттерін сіңіріп, өсіруге тікелей байланысты екендігі анық. Бұл кез келген ата-ананың басты мақсаты десек, осы ретте оларды білім нәрімен сусындататып отырған педагогтардың да шешуші рөлді атқаратыны белгілі.

Біздің колледжге оқуға келетіндердің көбісі дерлік мектеп жасындағы жасөспірімдер екені белгілі. Десек те олар мектептегідей емес, өздерін ересек

санап, құрдастарынан бір саты болса да жоғары тұрғандай, бойларынан ержеткендіктің белгісі байқалайтындай сезінетіні заңды құбылыс. Оның үстіне, басқа топтағы жалпы орта мектепті бітіріп келген 2-3 жас айырмашылығы бар өзге балалармен де араласады. Осыдан келіп колледж қабырғасында басқа, нақтырақ айтқанда өзгеше орта қалыптасатыны тағы рас. Сондықтан да колледждің педагогикалық құрамы кілең ержетуге асығып тұрған бозбалалармен және мектептен кетіп өздерін бойжетіп қалғандай сезінетін қыздармен жұмыс жасайтынын үнемі есте сақтағаны жөн сияқты. Осыған орай педагогтар да өздерінің тәрбиелік мақсаттағы жұмысын ұйымдастыру барысында алдындағы шәкірттерінің жас ерекшелігін ескергені дұрыс деп ойлаймын.

Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады десек, олар адамдардың қимыл-әрекеттерінен, күнделікті мінез-құлықтарынан көрінеді, бір-бірімен арадағы моральдық өзара қарым-қатынастарын басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қоғам игілігі үшін еңбек ету, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзге де формалары, бұл – санан-сезімнің, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері болып саналады. Олардың негізінде қоғамымыздың қоғамдық-экономикалық құндылықтары жатады.

Баланың өмірге белсенді көзқарасының бағыты үлкендер арқылы тәрбиеленетіні белгілі. Сондықтан да тәрбиелеу, білім беру жұмысының мазмұны мен формалары балалардың мүмкіндігін ескеру арқылы нақтыланады. Адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу күнделікті өмірде, үлкендердің қолдан келетін жұмысты ұйымдастыру процесінде, оқу ісінде жоспарлы түрде іске асады.

Колледждегі кез келген ұстаз, ол қандай пәннен сабақ өтсе де баланы оқыту процесінде өзінің мазмұнды қарым-қатынасын орнатуы, жан-жақты іс-әрекеті, қоғамдық өмірдің құбылыстарымен таныстыруы негізінде тәрбиелік қызметті де іске асырады.

Мұндай мақсатқа бағытталған колледждің педагогтық жұмысы еңбексүйгіштікке, ізгілікке, ұжымдық пен патриотизм бастамасына тәрбиелеуге, көп дүнеині өз қолымен жасай алуды және жасалған дүниеге қуана білуді дамытуға, үлкендер еңбегінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік жасайды.

Әр баланың жеке басы - оның моральдық дамуы үшін қамқорлық жасау - бүгінгі күннің және алдағы күндердің талабы, оған колледж педагогының күнделікті көңіл бөлуі талап етіледі. Оның тәртібі, іс-қимылы, қасындағы балалармен және үлкендермен қарым-қатынасы өзгелер үшін үлгі болады. Ал оған колледж педагогының ықпалы өте зор, сол арқылы баланың жеке басы қалыптасады.

Мәселен, тіпті үзіліс кезінде балалар арасындағы ұнамды әдеттер, өзара қарым-қатынастар қалыптасады, еңбекте - еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін

құрметтеу, сондай-ақ ұйымшылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттер, патриоттық ынта-ықылас жайлы мағлұматтар, т.б. қалыптасады.

Колледж оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі міндеттері мына жайлармен түйінделеді: ізгілік бастамасымен тәрбиелеу, балалар мен үлкендер арасындағы саналы қарым-қатынас (әсіресе, колледж қабырғасында), қайырымдылық, жақын адамдарға қамқорлықпен қарау, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, балалардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әр түрлі ұлт өкілдерін қадір тұту және сыйлау және т.б. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады, немқұрайдылықтың пайда болуына, құрбыларына, төңіректегі үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндік қалмайды.

Қарапайым әдеттерді тәрбиелей отырып, колледж педагогы баланың бар істі шын пейілмен әрі саналы атқаруына қол жеткізеді, яғни сыртқы ұнамды мінездері оның ішкі жандүниесін, оның ережеге деген көзқарасын айқындайды.

Адамгершілік тәрбиесі – бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, колледждегі қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс-әрекетін анықтайды.

Сананың қалыптасуы – ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуынан, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген.

Үлкенді сыйлау – адамгершіліктің бір негізі. Адамзаттық құндылықтар бала бойына іс-әрекет барысында, әр түрлі ойындар, хикаялар, ертегілер, қойылымдар арқылы беріледі.

Адамгершілік – адамның рухани байлығы, болашақ ұрпақты ізгілік бесігіне бөлейтін руханият дәуіріне жаңа қадам болып табылады. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Адамгершілік қоғамдық сананың ең басты белгілерінің бірі болғандықтан да ол адамдардың мінез-құлқымен, іс-әрекетімен, қарым-қатынасымен, көзқарасымен сипатталады.

Олар адамды құрметтеу, оған сену, әдептілік, кішіпейілдік, қайырымдылық, жанашырлық, ізеттілік, инабаттылық, қарапайымдылық таныту секілді әрекеттерден көрініс табады. Адамгершілік – ең жоғары құндылық деп қаралатын жеке адамның қасиеті, яғни оның психологиялық қасиеттерінің жиынтығы.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар бұлағы халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында жатыр. Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінде өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Көрнекті педагог В. Сухомлинский «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала сондай бола алады», - дейді [2]. Демек, шәкіртке жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат – жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы - өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу.

Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін колледж ұстазы халық педагогикасын, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыпты жан-жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Отбасында, балабақшада, мектепте, қоғамдық орындарда үлкенді сыйлау дәстүрін бұзбау және оны қастерлеу әрбір адамнан талап етіледі. Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үнілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді.

Колледж балаларын имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге күш саламыз. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі екенін үнемі есте сақтаймыз.

Колледж балаларын адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі етеді. Ал, адамгершілік тәрбиелеудің бірден-бір жолы осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз. Адамгершілік - адамның рухани арқауы. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің жақсы адамгершілік қасиетімен, адамдығымен, қайырымдылығымен ардақталады. Адам баласының мінез құлқына тәрбие мен тәлім арқылы тек біліммен ақылды ұштастыра білгенде ғана сіңетінін есте ұстаған жөн.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Адам бойына кішіпейілділік, жанашырлық, сыйластық, тілектестік сияқты қасиеттерді дарыту және өзгелерді қадірлей, сыйлай, құрметтей білу, тыңдай білу, қолынан келгенше адамдарға көмектесу, кешірімді болуды үйрету әрбір ұлағатты ұстаздың үлесіне тимек.

Халық педагогикасы – нәрестені ананың әуенімен оятатын бесік жырлары, даналыққа толы мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, қиял-ғажайып ертегілері, ойындары, тәрбиелеп өсіру негіздері адамгершілік ниеттерге баулиды. Олай болса, адамгершілік тәрбие берудің кілті – халық педагогикасында деуге болады. Ұлттық асыл қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіру болашақтағы ақыл-парасатының қалыптасуына негіз қалайтын азық екені даусыз.



Кез келген сабақтың негізі мазмұнында балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мен қанағаттандыруға, әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға арналған алуан түрлі ойындар мен жаттығулар қолданылса, нұр үстіне нұр. Мұның маңызы баланың мораль ұғымын, оны бағалауын, жалпы адамгершілік қасиеттерге қатынасын дамытудан тұрады.

«Мен үш қасиетімді мақтан тұтам», - депті Ақан сері. Олар: жалған айтпадым, жақсылықты сатпадым ьәм ешкімнен ештеңені қызғанбадым. Бұл үш қасиет әркімнің өз құдайы. «Өз құдайынан айырылған адам бос кеуде, өлгенмен тең» деген екен [3]. Шындығында бұл ақиқат. Олай болса, жеке тұлғаны қалыптастыруда, олардың жандүниесіне сезіммен қарап, әрбір іс-әрекетіне мақсат қоюға, жоспарлауға, оны орындауға, өзіне-өзі талап қоя білуге тәрбиелеу – адамгершілік тәрбиенің басты мақсаты. Мақсатқа жету үшін сан алуан кедергілер болуы мүмкін. Ондай қасиеттерді бала бойына жас кезінен бастап қалыптастыру жеке тұлғаны қалыптастырудың негізін қалайтынын ескергені абзал. Ал, колледж ұстаздары адам өміріндегі ең бір нәзік те жауапты кезең – өтпелі кезеңнің балаларын тәрбиелеп жатқанын еш ұмытпауы керек. Оларға ерекше көзқарас қажет екендігін де жадымыздан шығармағанымыз дұрыс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдау //Егемен Қазақстан, желтоқсан, 1912.
2. *Сухомлинский В.А.* Методика воспитания коллектива. – М.: Просвещение, 1981.
3. *Баймуратова Б.* Отбасындағы баланы мектепке дайындау. –Алматы: Шартапа, 2000.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются вопросы о некоторых особенностях воспитания гуманизму учащихся колледжа.

**(Дүйсембеков З. Некоторые особенности воспитания гуманизму учащихся колледжа)**

#### SUMMARY

This article discusses some of the features of humanism education of college students.

**(Duisembekov Z. Some features of humanism education of college students)**

ӘОЖ 200.1

**А.Н.УСАЙНОВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **УАХХАБИЛІКТІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

*Мақалада діннің адам санасы мен мәдениетіне ықпалы, уаххабилік ағымның ортаға шығуы мен ислам сенім жүйесіне енгізген қателіктері, ахл-ал хадис, ахл-ал рай, ақыл мен нақыл, тәуассул (дәнекерлеуші) және әулиелерге зиярат мәселелері түсіндіріледі. Сонымен қатар, ең алғаш уаххабилік ағымның тарих сахнасына шығуына ықпал еткен тұлғалар, Ибн Тәймия мен Мұхаммед Абдулауххабтың сабақтастығы жайлы мәліметтер кеңінен қарастырылады. Уаххабилік ағымның дәстүрлі Ханафи мазхабына және қазақ дүниетанымына қарама-қайшы тұстары тұжырымды түрде ашып көрсетіледі. Аталған ағымның өз тарихымызға балта шауып, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды, әулиелерді сыйламай, ұмыт қалдырып бара жатқаны қазіргі қоғамның ең осал тұсы және қателігі екендігі жан-жақты түсіндіріп көрсетіледі.*

*Кілт сөздері:* Ахл-ал хадис, Ахл-ал рай, Тәуассул, ақыл мен нақыл; Құран мен Сүннет, Тәухид, Табиундар, Хадис.

Дін – адамзат баласын мәңгілік бақытқа қауыштыратын жол. Дін дегеніміз ең алдымен – сенім. Адам өмірге келгенде оны әке-шешесі, жақындары немесе өмір сүрген ортасы міндетті түрде бір сенім бойынша тәрбиелейді, өсіреді. Ол да өзінен кейінгі ұрпақтарын сол сенім бойынша тәрбиелеп, осылай дін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Тарих бойында дін ауыстыратын қоғамдар да, адамдар да кездеседі, бірақ адам баласы діннен мүлдем қол үзіп кетпейді. Адамзаттың өткен тарихына көз жіберсек, дінсіз, ғибадатханасыз не халық, не қауым, тіпті қоғам болмаған. Сондықтан ежелгі адамдардың дінсіз өмір сүрмегенін, өмірлерін бір сенім бойынша жалғастырғанын білеміз [1]. Діннің адам санасы мен мәдениетіне, тіліне, әдет-ғұрып, салт-дәстүріне тигізер ықпалы орасан зор. Бір мемлекетті тарих сахнасынан жою үшін оның ең алдымен дінін ұмыттырса болғаны, ол халық мәңгіртке айналып шыға келетіні анық. Осы мақсатпен қазіргі кезде тәуелсіз елімізге шет елдерден қаншама діни ағымдар келіп жайлады. Соның бірі, қазіргі қоғамның басты дерті - уаххабилік ағымы десек қателеспейміз. Осы ағымның тарих беттерінде қалай пайда болғанын зерделей келе, халқымыздың діни танымындағы дұрыс және бұрыс мәселелерді ашып көрсете аламыз. Себебі – бұл ағым Ханафи мазхабынан несімен ерекшеленетінін, исламдық сенімдерді неге бұрмалап, салт-дәстүрімізді неліктен

жокқа шығаратынын, қазақтың дәстүрлі діни танымынан олардың қандай айырмашылығы бар екендігі мәселесі әлі кезге дейін толығымен ашыла қойған жоқ. Ал енді осы сұрақтардың барлығына жауап табу үшін, әрине, уаххабилік ағымның тарих сахнасына шығуы мен бүгінге дейінгі даму тарихына талдау жасауымыз керек. Уаххабилік ағымы исламның өз ішінен шыққан қате жолдағы ағым болғандықтан көп зерттеуді талап ететіні шындық. Уаххабизм атауының ең алғашқы идеялық тұрғыдан қалыптасу уақытын әдебиеттерде хижри жыл санауы бойынша XIII ғасыр деп көрсетеді. Бұл ағымның бастау алуына Ибн Тәймияның Ахл ал-сунна мен сенім негіздеріне енгізген жаңалықтары себеп болды. XVII ғасырдан бастап Мұхаммад ибн Абдул Уаххабтың күш салуының арқасында бұл ағым өз жақтастарының қатарын ұлғайта бастады. Жақтастарының ең алғашқылары – көшпелі бәдәуилер болды. Қазіргі уақытта кез келген мұсылман қауымдарының арасында бұл ағымды қабылдаған адамдар өте көп. Уахабилік ағымын жақтаушылардың мұсылмандардан өз ойларында айырмашылығы-мұсылмандардың сенімдерін айыптап, тек өз сенімдерін ғана дұрыс деп тануы. Осы ағымның тарих сахнасына шығуына себеп болған адам ең алғаш Мұхаммед ибн Абдул Уаххаб болды. Мұхаммед Абдул Уаххаб негізінен 3 идеясымен адасушылыққа бой берді.

- 1) Жаратушы Алла тағаланы жаратылған яғни адам кейпінде қабылдауы;
- 2) Алла елшісі пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.)ды сыйламауы;
- 3) Мұсылмандарды себепсіз айыптауы (такфир).

Бұл ағымның тереңіне бойласақ, 4 үлкен адасушылықты байқаймыз:

1) Таждсим – Алла тағалаға адам ретінде сипат беру, Ташбих - (салыстыру, ұқсату), Құдіретті жаратушыны адам кейпінде елестету, Жихет - Алла тағалаға мекен беру.

2) Таухидті 2-ге бөліп қарастырады: Тәухид-Рубубият, Тәухид-Улюхият. а)«Тәухид-Рубубият» – Алла тағала барлық әлемнің жаратушысы және адамдарға өлім мен өмірді және рызық несібе беруші екендігіне куәлік ету.

ә) «Тәухид-Улюхият» – тек қана Алла тағалаға ғана құлшылық ету.

3) Алланың елшісі Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбарымызды құрметтемеу.

4) Мұсылмандарды еш себепсіз Аллаға серік қосты (ширк) деп айыптау және өздерінің жолын таңдамағандардың сенімдерін қате деп есептеу [2]. Тағы бір мысал келтіре кететін болсақ, дініміздегі *тауассул және әулиелерге зиярат* мәселесін уаххабилік ағымы теріске шығаратыны баршамазға белгілі. Айтар ойымды айшықтай кетер болсам тауассул бұл - арадағы дәнекерлеуші арқылы құлдың Жаратушыға өз тілегін не өтінішін жеткізуі. Тауассул - араға Пайғамбарымызды не әулиелерді, Алланың сүйген құлдарын дәнекерлеуші етіп алу арқылы жасалынуы мүмкін. Тауассул жайында Қасиетті Құран Кәрімнің Мәида сүресінде: «Әй, иман келтіргендер! Алладан қорқыңдар, Оған жақындасуды іздеңдер. (Бой ұсыну арқылы тырысыңдар) Және екі дүниедеде құтылып мұратқа жетулерің үшін, Оның жолында күресіңдер», - деп айтылған [3]. Аталмыш ағымдағы адамдар тауассул мәселесін де, әулие

адамдардың зиратына зиярат етуді де ширк (Аллаға серік қосу) ретінде есептеп, қарсы шығады. Мұны аталмыш ағым күпірлік деп қабылдайды. Уаххабилік ағымның Пайғамбарымызға және әулие адамдарға деген көзқарастары келесі айтылған түсініктермен сипатталады:

- Пайғамбарымыздың ата-анасын сыйламаушылық;
- Пайғамбарымызға айтылатын салауатқа қарсы шығуы;
- мәуліт өткізуге қарсы шығулары;
- Пайғамбарлардың, әулиелердің қабірлерін қиратуы;
- қабірді зиярат етушілерді табынушылықпен шатастырып айыптауы;
- Алла тағаланың елшісінің қабірін зиярат етуге барғандарды күнәһар ретінде айыптауы;
- тауассул және Пайғамбарымыздың шапағат етуіне қарсы пікірлерін мысал ретінде айта аламыз [4].

Осыған орай, уаххабилік ағымның ең алғаш ислам сенімдерін бұзып, қай тараптардан өз идеологиясын енгізгені жайлы толық мағлұматтарға көз жүгіртер болсақ, әрине ең бірінші ойға келетіні – бұл исламдағы сенім мәселелерін уаххабилік ағымдардың бұзуы болмақ. Енді осы мәселеге жеке жеке тоқтала кетуді жөн көрдік. Табиундар (сахабалардың ізбасарлары) дәуірінде екі мектеп қалыптасқаны белгілі, олар: Ахл ал-хадис, Ахл ал-рай [5]. Ахл ал-хадис – барлық діни мәселелерде бір хадиске сүйену керек деген көзқарасты қолдаушылар болып табылады. Осы көзқарасты ұстанған хадисшілер туындаған жаңа мәселелердің шешімі ретінде алдымен таралып кетіп бір ортаға жиналуы керек болған хадистерді жинақтауды және бұларды пайдалануды оңайлату үшін хадистерді топтарға бөлу керек деп сенді. Осылай жасау арқылы олар бір жағынан хадис материалдарын кәдеге асырды, екінші жағынан хадистің діни жай-күйін жақсартып отырып, санада жандандырып хадистерге жүгінбейінше туындаған мәселелерге шешім таба алмаймыз деген түсінікті қоғамда орнықтыруға тырысты. Олар өздерін еркін топ және қазіргі кездегі нағыз мұсылман ретінде санап, Құран және дәлелденген хадистермен жүретіндіктерін алға тартады. Олардың бұл түсінігін жариялаған хадис кітаптарынан көруге болады [6]. Қазіргі кезде Ахл ал-хадис термини «салафи» терминімен қатар қолданады. Ахл ал-хадис жолын ұстанушылар өз сенімдерін практикалық түрде исламның алғашқы ғасырларындағы әділетті халифалар жолымен ұштастыруға, және сол бойынша өмір сүретіндіктеріне сендіреді. Аббаситтер дәуірінің IX ғасыры – бұл қозғалыстың дамыған кезі болды. Содан кейін көп көзге түспей кеткен бұл қозғалыс, Ибн Тәймияның реформаторлық қозғалысының басталу жылдарында қайтадан бой көрсете бастады. Алғашқы уақыттарда Ахл ал-хадис атауы Үндістан мен Пәкістандағы Пайғамбар жолымен қатаң жүретін адамдарға қойылған атау болатын. Олар ешқандай мәзһабты және ешқандай үкімдерді мойындамады. Тек қана пайғамбар жолымен жүру керек деген принципті ұстанатын болған. Олар қазіргі кездегі адам ақылымен жасалынып жатқан барлық ғылыми техникаларды, сонымен қатар жаңадан пайда болып

жатқан өзгерістер мен дамуларды, жаңалықтарды «бидғат» ретінде қабылдайды. XIX ғасырдан бастап, өз мектептерін ашып, қарқынды түрде өз әдебиеттерін шығарып жұмыс жасауда [7]. Ал Ахл ал-рай – (еркін пайымдауды жақтаушылар) VII-VIII ғасырларда асхаб әл-хадисқа қарсы тұрған адамдардан құралған топ болып табылады. Ахли - рай аталуының себебі – бұлар құқықтық мәселе шешкенде тек хадистің қағидасы емес, басқа пайымдауларға да сүйенген. Бұл топ өз ойларының тәуелсіз екендіктерін жақтаса, ендігі кезекте оған керісінше, Ахл ал-хадис - бір ғана хадиске сүйену керектігін, оған әркім өз ойларын қоспау керектігін алға тартты. Осыған орай әрқайсысы өз жолдарының дұрыс және заңды екендіктерін дәлелдеуге тырысатын. Кез келген мәселеге байланысты үкім шығаруда осы қалыптасқан екі мектеп өз принциптері мен тәртіптеріне бағынып, пәтуа беретін болған. Ахл ал - хадис мектебі Құран және хадиспен тікелей байланыста болса, Ахл ал-рай мектебіндегілер құқыққа байланысты сұрақтарда қияс және истихсанға да баса назар аударуымен ерекшеленді. Ал бұл уақытта фикъ (құқық) саласының негізгі қайнар көздері Құран, хадис, ижма және иджитхад болып саналатын [8].

Ислам дініндегі сенім мәселелерінің келесі түрі арине *ақыл мен нақыл* болып табылады. Ислам сенім мәселелерінде кең түрде қарастырылатын тақырыптардың бірі – дәлел болып табылады. Ақыл мен нақыл мәселесін қозғағанда, дәлел жайлы түсіндірмей өту мүмкін емес. Дәлелдің сөздіктегі мағынасы: жолбасшы, муршид, басшы, көрсетуші дегенді білдіреді. Терминологияда дәлел: өзін біліп, ұғынудан басқа бір нәрсені білу керек болатын нәрсе. Дәлелдер ахли және накли болып екіге бөлінеді. Ақылға нақты түсінік бола алатын анықтама беру оңай емес. Оның терминдік анықтамасын ислам сөздіктерінен кездестіруге болады. Ақыл жайлы түсінікке келгенде, ғалымдар арасында түрлі пікірлер бар. Философтардың өзінің ішінде көптеген пікірлер айтылып, тіпті ол пікірлер бір-бірімен қайшы келіп, шатасып жатады. Өйткені, олар ақылдың жаратылу мәселесіне тоқталған еді. Демек, тек қана пікірлермен сипаттау оңай емес. Қалай болғанда ақылға түсінікті түрде анықтама беруге тырысқан пікірлердің барлығы да ой-пікірден туған еді. Оны тану жолдары да сол түсініктер арқылы қалыптасты. Ол анықтамалар Кәләм жолын ұстанушылар, усул ул-фикъ ғалымдары және де фикъ ғалымдарының пікірінше, материалдық, ал сопылардың пікірінше ішкі сезімдік «ождани таным» болып табылады. Философтардың түсінігінде де сол пікір қалыптасқан. Исламтанушылар арасында ақылдың анықтамасы да пікір алшақтығын тудырған. Нақыл жайында Ислам ой-пікірінде екі түсінік бар: Біріншісі: білімге, ислам дінінің екі кәусар бұлағы болып табылатын Құран мен Сүннетке негізделген түсінік. Екіншісі: нақылға қатысты тәсілдерге негізделген түсінік. Бұл - Ислам ой-пікіріндегі таластың арқауына айналған. Бұл талас Ислам ой-пікіріне үлкен әсер ете отыра, әр түрлі мәселелер және де Ислам ой-пікіріндегі нақылға негізделген әр түрлі жеке түсінікті бағыттар пайда болуымен көптеген

қиыншылықтар тудырды. Мысалға, мутазилалық ой-пікірден пайда болған «Құранның жаратылуы» мәселесі. Ақыл мен нақылдың ара қатынасына байланысты Ислам ой-пікірі әр түрлі көзқарасты ұстанады. Исламның сенім жүйелерінде қазіргі уақытта да ғалымдардың пікірлері бір-біріне қарама-қайшы болып келетін жағдайлар да бар [9].

Ендігі кезекте ойымымызды қорытындылай келе айтпағымыз басты назарды уаххабилік ағымның әдістері мен концепциясына аударып отырып, мынадай сұрақ туындайтыны хақ: «Неге мұсылманша тәрбиеленген бала ертеңгі күні өз сенімі мен дініне, ата-анасына қарсы шығады, неліктен өз танымын тәрк етеді»? міне осы сұрақтарға біз жауап таба алмаймыз, неге бұл ағымдағылар әулиелерге қарсы шығады, неге олар рухани және мәдени болмыстарды жоққа шығарып жатыр, осы мәселелер әрине жауап табуды керек ететіні шындық. Аталған ағымның аят пен хадистерді дұрыс ұғынбай кәте пікірде адасып жүргендері жайлы көптеген кітаптарда жазылған. Мұсылмандардың Жұма күні пайғамбарымызға айтқан салауатын сылтауратып Мұхаммед Абдул Уаххаб өз жақтастарына «Мен мұның бәрін Алла тағаланың бірлігін қорғау үшін жасап жүрмін, пайғамбарға салауат айту ширк (Аллаға серік қосу)» деп түсіндіреді. Мұхаммед Абдул Уаххаб өз сөзінде: «Шариғат – бір, неге оны 4 мәзһабқа бөлуіміз керек, біздің қолымызда Алланың бір ғана кітабы бар сонымен ғана жүруіміз керек» дейді. Ол Ислам дініндегі пайғамбарымыздың маңызын жоққа шығарып, пайғамбарымызды жай ғана Алланың сөзін жеткізуші ретінде қабылдайтынын айтады. Уаххабилік ағымды қолдаушылардың түсінігінде иман азаяды және көбейеді, сонымен қатар тілмен айтып жүрекпен сенген жеткіліксіз, амал да жасау керек яғни амал иманның бөлігі деп түсіндіреді. Бұл ағымды қолдаушылар намаз оқымаған адамды мұсылман емес кәпір деп жариялап, мал-мүліктерін өздеріне халал ретінде алуды дұрыс деп қабылдайды. Сонымен қатар ұстаздарды және әулие кісілерді өздеріне үлгі етіп алуды да, Алла мен адам арасында дәнекер ретінде қабылдауды да жоққа шығарады. Бұл ағым ең бірінші тарих сахнасына Ибн Тәймияның ахл-ал суннаға өздігінен жасаған пікірлері арқылы шыққанын ескерсек, жалғыз ғана ғалымның қателікке бой ұруынан қазіргі кездегі осы бір қатерлі ағымның қалыптасуына әсер етті. Ибн Тәймияның пікірлері және Мұхаммед Абдул Уаххабтың Ибн Тәймияның салған жолын жалғастыруы, қолдауы арқылы қазір кез келген ислам мемлекеттерінде осы бір теріс ағым өкілдерін көптеп кездестіре аламыз. Бір халықты жер бетінен жою үшін оның дінін, салт-дәстүрін ұмыттырса болғаны, ол халық мәңгіртке айналып шыға келетіні көзі ашық әрбір жанға аян. Сондықтан да алға қойған мақсат - қазіргі таңда ислам әлеміне іріткі салып халықты адастырып жатқан діни ағымның шығу тегі мен сенімдік негіздеріне талдау жасау арқылы халық санасына ұғындыру болмақ. Қазіргі қоғамымыздағы осы бір қатерлі ағымның ықпалының күшею себептерін анықтау және олардың алдын алу шараларын қарастыру арқылы, жүрегі Отаным, елім, ұлтым деп соққан әрбір адамның дұрыс жолды тани

білуі керек. Дін – адамзат баласының көш басында тұратын басты құндылығы болып табылады. Дініміз – Ислам, ал мазхабымыз – орта жол Ханафи мазхабы болуы тиіс. Ел болып тарихта қаламыз десек Исламды өз ішінен құртатын, сенімі бұзық ағымдарға жол бермей, тұтастықты, өз танымымызды, әдет-ғұрпымызды сақтауымыз керек. Себебі, бұл біздің ертеңгі ұрпақ алдындағы парызымыз.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Дербісәлі Ә.* Имам Матурудидің әдістемесі мен көзқарастары //Ислам және өркениет. –2011. – №25(241). [www.muftyat.kz](http://www.muftyat.kz).
2. *Шейхмардани Н.* Истинное лицо Ваххабизма. - Казань: Казань, 2007. – 66 с.
3. *Алтай Х.* Құран Кәрім. – Сауд Арабиясы: Құран Шәриф баспа комбинаты, 1991. - 604 б.
4. <http://www.bahhabizm.ru>.
5. [www.wikipedia.ru](http://www.wikipedia.ru) свободный материал.
6. *Иылдырым А.* Хадис тарихы, - Түркістан: Тұран, 2011. - 135 б.
7. [www.wikipedia.ru](http://www.wikipedia.ru) свободный материал.
8. Ислам энциклопедиясы. - Алматы: Алматы, 1995. – 416 б.
9. *Керім Ш.* Исламтанудағы және Абай қара сөздеріндегі ақыл мен түсінігі. <http://www.muftyat.kz/index>.

#### РЕЗЮМЕ

В этой статье рассматривается воздействие религии на человечество, отрицательное воздействие ваххабистического течения на ислам, а также ахл-ал хадис, ахл-ал рай, правоучение и мышление, связывающие святыя места. Наряду с этими вопросами рассматривается история вахабизма, носителей этого течения.

**(Усайнова А.Н. История возникновения движения ваххабистов)**

#### SUMMARY

In this article is written the influence of religion to the culture and mind of human being, revealing wahhavism and mistakes of the beliefs Akhl-al Khadis, Akhl-al Rai, mind and advice, tauassul and pilgrimage. And also is widely observed outstanding people like Ibn Taimia and Mukhammed Abdullah who propagate Wahhabism.

**(Usainova A.N. History of Wahhavism)**

ӘОЖ 741.672

**Қ.Е.ЕРАЛИН**

педагогика ғылымдарының докторы,  
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің профессоры

### **ЭТНОДИЗАЙН БҰЙЫМДАРЫН ЖОБАЛАУДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ**

*Дәстүр мен жаңашылдық этнодизайн өнерінде ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңа заманның талап-тілектеріне сай келу принциптерін білдіреді. Этнодизайн саласындағы көркемдік дәстүрлерді сараптау бізге оларды ағаш, металл, тері, жүн, сүйек, қыш, тоқымашылық, кесте, ою-өрнек, киіз үй, шаруашылық бұйымдарын дайындау дәстүрлеріне бөлуге болатынын көрсетті. Этнодизайн саласындағы жаңашылдықты талдау нәтижелері, олардың бір бағытын сұраныстағы, формадағы, композициялық құрылымдағы, материалды қолданудағы, түстердің үйлесіміндегі, орындау технологиясындағы жаңашылдық деп анықтап, оның екінші бағытын бұйымның, халықтығы, тұтастығы, мезгілдік пен мекендік ерекшеліктерімен байланысты болатынын көрсетті. Этнодизайн өнері дегеніміз – ұлттық көркем бұйымдарды, жаңа заман талаптары мен сұраныстарына сай, жаңа технология мүмкіндіктері арқылы, кәсіби шеберлердің жасаған көркемдік жобалары немесе жасаған дизайнерлік шығармаларының жүйесі.*

*Кілт сөздері:* этнодизайн, этнодизайн бұйымдары, этнодизайнерлік жоба, жобалаудағы ұстаным, дәстүр, жаңашылдық.

Этнодизайн бұйымдарын жобалаудағы модельдеу, форма мен мазмұн ұстанымдарымен қатар дәстүр мен жаңашылдық өмір талабынан туындаған жаңа бұйым жасауға бағытталған іс-әрекеттер болып табылады. Бұл ұғымдар этнодизайнның негізін құрайтын моделдеу, форма мен мазмұн, түр мен түс мәселелерімен бірікте қарастырылады. Этнодизайнерлердің шығармашылық қызметінде этнодизайнның негізін құрайтын ұғымдардың мән мағынасын білумен қатар, жобалау үдерісінде көркемдік дәстүр мен жаңашылдық ұстанымдарын басшылыққа алу шығармашылық қызмет нәтижесін жаңа сапалық сатыға көтеруге игі әсер етері сөзсіз.

Этнодизайнерлік жоба жасау үдерісіндегі жұмыс кезеңдерінің бірі – моделдеу. Модель әр уақытта жаңашылдығымен, ол үнемі жетілдіріліп отырылуымен ерекшеленеді. Модель формасын іздеуде табиғи формалар мен бұрыннан бар адам қолымен жасалған формалар негізіне сүйеніп алынады. Табиғи моделдер қатарына адам, жан-жануарлар және өсімдіктер формаларын айтуға болады. Жасанды моделдер шеберлер қолымен жасалған



көркем бұйымдар, тұрмыс пен шаруашылық заттарының көріністері ретінде танылады.

Модельдеу француздың моделе – үлгі, қайта құрау деген мағынасын береді. Моделдер табиғи формаға ұқсас және жасанды формалардан құрастырылған модель болып бөлінеді. Моделіне қарап көркемдік нысанды тану үшін, оны өмір шындығындағы заттар мен құбылыстардың моделі мен құбылыстардың іс-әрекеттері сипатын зерттеу маңызды. Өнердегі шынайы модель геометриялық және физиологиялық модель болып анықталады. Ол модельдің көбінесе түпнұсқаға ұқсастығы көрініп тұрады [1].

Форма мен мазмұн дизайнерлік бұйымның ішкі және сыртқы сырын жинақтап көрсететін дизайн өнеріндегі негізгі түсініктер. Форма мен мазмұн философиядағы форма мен мазмұн категориясына негізделеді. Бұлар өмірдегі кез келген затпен құбылысқа тән. Форма мен мазмұн бір-бірімен өзара байланыста, бірлікте қарастырылады. Қандай жағдайда болсын әуелі мазмұн туады, кейін оны айқындау, жетілдіру үшін форма көрінісі алынады. Форма әр дәуірдің өмір шындығына, сұранысы мен талаптарына сай өзгеріп отырады. Әрбір жаңа дәуірде көне мазмұн негізінде тың форма туып, ол жаңарып, түрленіп қана қоймай, олар әр дәуірдің өз шындығын, өз мазмұнын әкеледі. Бұл философиялық қағидаларды этнодизайн бұйымдарын жобалауда этнодизайнер басшылыққа алып, заттың формасы мен мазмұндық шешімдерін табуда негізгі бағыт ретінде ұстанады.

Дәстүр мен жаңашылдық – этнодизайн өнерінің даму барысында сабақтастық пен жаңғыруды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған белгілі бір халықтың әдет-ғұрыптары, жөн-жобалары, көзқарастары, түсініктері жатады. Этнодизайн бұйымдарын жобалауда этнодизайнер көркем бұйымдарды жасап шығарған ежелгі халық шеберлерінің форма жасау, материал өңдеу, безендіру, формақұрау, бұйымды материалда орындау бойынша көркемдік дәстүрлерді басшылыққа алады.

Этнодизайндағы жаңашылдық - өткен өмірдің кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талабына жауап беретін, бұрын-соңғының тар шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды дизайнерлік қызметтегі ізденіс әрекеттер болып табылады. Этнодизайндағы жаңашылдық жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. Оның белгісі, ең алдымен, дизайнерлік еңбек пен этнодизайнерлік ой сананың дамуынан, әлеуметтік қатынастар мен қоғамдық құрылыстардан көрінеді. Даму барысында көркем өнердегі жаңашылдықтың өзі біраз уақыттан кейін көркемдік дәстүрге айналады, келесі сатыда басқа этнодизайнерлік жаңашылдық туып өрбиді. Ұлттық дәстүрлі формадағы бұйымдардың орнына жаңа формадағы көркем бұйымдар келеді. Сондықтан этнодизайн бұйымдарын жобалауда этнодизайнер дәстүр мен жаңашылдық ұстанымдарын басшылыққа алып отырады.

Дәстүр мен жаңашылдық – диалектикалық бірлестікте болып, ескі мен жаңаны жалғастырады, тарих пен бірге дамиды, өндірістік безісі ретінде өзгеріске ұшырап отырады. Дәстүр мен жаңашылдық көркем өнердің барлығына тән құбылыс. Дәстүрге қол өнердің түрлері, өмірге қатынасы, тұрмыстық бағыты, халықтығы жатады. Қолөнердің дәстүрлерінің жеке түрлеріне материалдарды көркем өңдеу амалы мен тәсілдері, композициялық құрылымы, шығарманың тұтастық принциптері – бұйымды жасау дәстүр болып саналады. Қазақтың ою-өрнегінде, сәулет өнері мен тұрмыстық көркем бұйымдарын жасауда халық шеберлерінің шығармашылық тамаша дәстүрлері сақталған. Дәстүр мен жаңашылдық этнодизайн өнерінде ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңа заманның талап тілектеріне сай келу принциптерін қолдануды қажет етеді. Дәстүрдің кейбір тұрақты түрі болады. Ұлттық мінез құлықтың өзгеруіне байланысты туған алуан түрлі көріністер шығарманың ұлттық өрнектерінен байқалуға тиіс. Мазмұн мен түр бірлікті білдірсе, ұлттық дәстүр, сол бірлікті айқындай, бекіте түседі. Ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кете қоймайтын құбылыс. Ол тұрмыстық, қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өміртанудағы жаңа ұғым – түсініктеріне байланысты.

Этнодизайн өнерінде мазмұн мен форма жағынан жаңашыл шығармалар туады. Этнодизайн өнеріндегі жаңашылдық бұрын қолданылмаған технологиялық әдіспен, жаңа композициялық формамен, түс, көлем, безендіру, материалда орындау мәселелері бойынша батыл шешім табу, жаңа және тың көркем жоба жасау болып анықталады. Жаңашылдық әрқашан асқан шеберлік пен зор таланттың нәтижесі болғандықтан, ол этнодизайн өнерінің өрісін кеңейте түседі. Этнодизайнерлік жоба жасау үдерісінде халық өнерінің бұрын қол жеткен табысына, ұлы шеберлердің тәжірибесіне сүйенбей, дизайнерлік жобалау шығармашылығында ілгері жылжу мүмкін емес. Бұл тұрғыда кейбір дәстүрлік әдіс – тәсілдер сақталумен қатар жаңаша, формақұраудың амалдары мен тәсілдері пайда болады. Әсіресе, жаңа өзгерістер мен құбылыстарды ақтаратын соны жобалау құралдары жасалады.

Көркемдік дәстүрдің мезгілдік, мекендік айырымы болады. Көркемдік дәстүр белгілі бір дәуір ішінде өзгермесе немесе өзгеріске аз ұшыраған жағдайда мазмұн көркем шығармаға айтылмақ ойдың мән – мағынасына, идеясына қарай өзгеріп отырады. Мезгіл өлшемімен алғанда дәстүр – ұзақ уақыттың жемісі. Белгілі бір мекенде, бір ұлттық немесе тілдес, шекаралас бірнеше ұлттардың, халық, тайпалардың өмір сүрген жеріне байланысты туған тұрақты танымал ұғымды, түсінікті аңғартады. Демек, дәстүр мен салт – адам мінез-құлқына байланысты қалыптасатын тұрақты құбылыс. Көркемдік дәстүр мен жаңашылдық тек түрді, сыртқы өзгерістерді білдірумен қатар, ішкі мазмұнды бірдей қамтиды, шығарманың идеялық – көркемдік немесе ұлттық сипатын жаңа сатыда елестетеді.

Этнодизайн бұйымдарының көркемдік ерекшеліктерінің бірі – халықтығымен белгілі болады. Белгілі бір этнодизайн бұйымының көркемдік

ерекшелігі оның халықтық сипатында. Ол белгілі бір халықтық ерекшелігін көрсетеді. Олар ұлттық киім, ыдыс – аяқ, киіз үй, ою-өрнек, кілем, алаша, бау, басқұр, ер-тұрманға байланысты форма немесе ою-өрнек көріністерін айқындайды. Тұрмыстағы қолданыс сипатын ашып, тұтытудағы мәнін көрсетеді. Бұл жерде шебердің қай ұлттан екендігіне де назар аударылады.

Этнодизайн жобасын жасау идеясының бастыларының бірі – ұлттық бұйымдарының көркемдік ерекшелігімен әсемдігін бере білу, оны келер ұрпаққа жеткізу, оны басқа халыққа таныту болып табылады. Этнодизайнның көркемдік бұйымдарын жобалаудағы көрсеткіштің бірі – бұйымды жасаған мерзімі болып табылады. Этнодизайн бұйымдарын жасаудағы жанашылдықтың бір көрсеткіші оны жасаған мекенімен байланыстылығы. Этнодизайнерлік жобаның композициялық жаңашылдығы бойынша Д.Шоқпаровтың қазақ халқының торсықтарының, ағаш ыдыс аяқтарының көркемдік құрылымын айтуға болады. М.Закаринов жасаған қос домбыра жобасын этнодизайндағы жаңа жоба ретінде алуға болады. Этнодизайн бұйымдарын жобалаудағы жанашылдықтың бірі ретінде А.Бапанов пен Б.Бапанованың дәстүрлі жүн өңдеу арқылы көркем бұйым жасауда синтетикалық материалды пайдалану мен инемен түйреу арқылы киіз басудың, онан ұлттық бұйымдар жасаудың жаңа технологиясы ереше назар аударарды. Этнодизайн бұйымдарының жобасын жасауда жанашылдықтың бірі – түстердің үйлесімділігі болып анықталады. Бұл бағытта суретшілер Ғ.Иляевтың, Б.Талқанбаевтың шығармаларының колориттік шешімдерін айту орынды. Дизайн бұйымдарының жанашылдығының бір белгісі өмірге қатысымен өлшенеді. Көркем бұйымға деген сұраныс заттың жаңа формасымен байланысты. Бұл бағытта кәсіби киім дизайнерлері С.Асанова, Қ.Нұрқаділова жобалаған қазақ халқының ұлттық киім үлгілерін мысал ретінде айтуға болады.

Заттың формасымен оның өмірге тұтынуға деген сұранысы қажеттілігін, сұранысын туындатады. Көркемдік дәстүрдің дамуына жаңа технология игі ықпал етеді. Өткен ғасырдағы ғылым мен техникадағы жаңа жетістіктер этнодизайнға да әсері болды. Кілем тоқуда, қыш өндірісінде, ағаш өңдеуде, теріні ұқсатуда ежелгі материалды көркем өңдеу дәстүріне жаңа тәсілдер әкелді. Кілем тоқу станоктары, қыш күйдіру пештері, ағаш өңдеу станоктары, теріні илеу мен бетіне бедер салу құралдары қазақ этнодизайн бұйымдары жобаларының сапасын арттыра түсті. Қазақ этнодизайнының дамуы мен қалыптасуына бірден бір игі ықпал еткен құбылыс жаңа технологияның өмірге келуі мен кәсіби көркемөнер шеберлерінің дизайнерлерлік білім алу болды.

Қазіргі кездегі этнодизайн жобаларын жасауда компьютерлік бағдарламалардың орны ерекше. Компьютерлік бағдарламалар көмегімен ұлттық ою-өрнектер композициясын түрлендіріп жасау, киім дизайны жобаларын дайындауда формақұрау, түстік шешім табу, безендіру бағыттарында жоғары жетістіктерге жетуге кең көлемде жол ашуда.

Этнодизайн саласындағы көркемдік дәстүрлерді сараптау бізге оны бірнеше бағыттарға бөлуге болатындығын көрсетті. Оларды ағаш, метал, тері, жүн, сүйек, қыш, тоқымашылық, кесте, ою-өрнек, киіз үй, шаруашылық бұйымдарын дайындау дәстүрлеріне бөлуге болатынын көрсетті. Этнодизайн саласындағы жаңашылдықты талдау нәтижелері, оларды бірнеше бағыттарға бөлуге болатындығын айқындап берді. Олардың бір бағытын сұраныстағы, формадағы, композициялық құрылымдағы, материалды қолданудағы, түстердің үйлесіміндегі, орындау технологиясындағы жаңашылдық деп анықтап, екінші бағытын бұйымның өмірге қатынасы, халықтығы, тұтастығы, мезгілдік пен мекендік ерекшеліктері деп тануға болады [2,3].

Қорыта келе айтқанда, этнодизайн өнері дегеніміз – ұлттық көркем бұйымдарды, жаңа заман талаптары мен сұраныстарына сай, жаңа технология мүмкіндіктері арқылы, кәсіби шеберлердің жасаған көркемдік жобалары немесе жасаған дизайнерлік шығармаларының жүйесі деп айтуға болады.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Ералин Қ., Ералина Ф.* Дизайн негіздері. – Түркістан: Тұран. – 2013. -122 б.
2. *Асанова С.* Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнер тарихы. – А.: Өнер. – 1987. – 119 б.
3. *Жолдасбекова С., Қалыбекова Қ.Р.* Костюмді конструкциялау мен модельдеу. – Алматы: РОӘК, 2003. – 203 б.

#### РЕЗЮМЕ

В статье раскрываются особенности создания этнодизайнерского проекта на основе изучения художественных изделий казахского народа. Определяется понятие «этнодизайн». Указываются принципы применения художественных традиций и принцип новизны в процессе создания этнодизайнерского проекта.

**(Ералин К.Е. Традиция и новизна в проектировании изделий этнодизайна)**

#### SUMMARY

The article deals with the specifics of creating a project based on the study of ethnodzajnerskogo of Arts and crafts of the Kazakh people. is determined by the concept of "ethnodizajn". The principles on the use of artistic traditions and the principle of recency during the creation of the ethnodzajnerskogo project.

**(Eralin K.E. Tradition and Innovation in Product Ethnodesign)**

ӘОЖ 741. 672

А.СӘДІБЕК

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы

### ҚЫТАЙ ЕЛІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРГЕ КӨЗҚАРАСЫ

*Бұл мақалада қытай еліндегі қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін осы күнге дейін жоғалтпай сақтап, қазіргі сән үлгілерінде қолданылуы жайы қарастырылған. Ұлттық дүниетаным ерекшелігін танытатын осы өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп, көркем рухани қазына ретінде пайдалана білу керек. Әлемдегі әр түрлі елдердің дәстүрлі халықтық костюм үлгілері қазір де сән жасаушылар үшін шығармашылық жаңалықтардың негізгі бастауы болып отыр және де қандай жағдайда болмасын арналып тігілген киімдердің бәрінен де өзінің нақты көрінісін табуда. Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына екені белгілі. Автор осы мәселелерге баса көңіл аударған.*

*Кілт сөздері:* стиль, археология, этника, диаспора, ирреденті (бөліндісі), геотарихи, фольклор, империя.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «...Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды... Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» – дейді [1].

Бір сәт тарихқа көз салсақ, әрбір дәуірдің және әрбір халықтың өзіндік көркем стилі қалыптасқан. Белгілі бір стильдің өзінде киімнің жеке бөліктерінде өзгерістер болады және бұл киім тарихында сән ағымы деп аталады. Сән ағымына байланысты киім жаңарып, жетіліп отырады.

Қазіргі кезде ұлттық киімдердің үлгісін негізге алып тігіліп жатқан жастар модасы кең таралып отыр. Қазақ жастарының көпшілігі бұрынғы сәнді қайта жаңғыртып, ол жаңа үлгіде тігілген киімдерде де көрініс туып жатыр. Мысалы, қалталарда, белдікте, аяқ-киімде, шалбарда, тіптен сөмкелерде шашақ жиі пайдалана бастады. Сондай-ақ кешкі сән-салтанатқа арналған ұлттық стильдегі киімдерді желбезектермен, кестелермен, бастырмалармен, ою-өрнектермен әшекейлеуде [2].

Сонымен қатар, тек Қазақстанда ғана емес, өзге мемлекеттегі бауырларымызда ұлттық мұрамызды осы күнге дейін жоғалтпай, сақтап

келеді. Соның ішінде, Алтай қазақтарының салт-сана мұражайынан Қытайда тұрып жатқан қандастарымыздың тұрмыс тіршілігінен сыр шертетін тарихи деректер мен халқымыздың әдет-ғұрыпын баяндайтын құнды материалдарды көзбен көріп, көңілге тоқи аласыз. Жалпы, аспан асты елінде ұлтымызға қатысты тың мағлұматтарды көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Алтай қаласына іргелес жатқан Шеміршек ауылында тарихы тереңде жатқан қорымдар, сынтастар көп шоғырланған. Сондықтан бұл өлкедегі құнды қазынаны көздің қарашығындай сақтап отырған мұражай қызметкерлерінің айтуынша, рухани орынға келушілердің қатары жыл санап өсіп отырған көрінеді. Алтай жерін көне түркілердің мәдени ошағы деп те атайды. Сондықтан Алтай қаласында тұрып жатқан қандастарымыз қазақтың мәдени құндылықтарын қастерлеп, ұлттық төл өнеріміздің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына үлкен еңбек сіңіріп отыр. Олар атажұрттан жырақта жүрсе де, қазақи болмысымыз бен ұлттық бояуымызды сол қалпында сақтап, бабалардың аманатын ардақтап келеді.

Қазақ халқының қолөнері көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Оның бір ұшы туысқан Орта Азия халықтарының және орыс халқының қол өнерімен де ұштасып жатыр. Қол өнерінің басты бір саласы – киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес [3].

Ата-баба аманатын жоғалтпай, керісінше толықтырып, заманға сәйкестендіріп шығару, Кеңес одағының кертартпа саясатының салдарынан ұмытылып, тіпті, қолданыстан шығарылып тасталған киім үлгілерін жаңғырту үлкен міндет болып отыр. Қазақ ұлтының киімдері мен ою-өрнектерін сақтау және қайта жаңғырту тек Қазақстан аумағында ғана емес, қиырдағы қазақ елдерінде де өздеріне үлкен міндет деп қарайды. Соның ішінде, әсіресе Қытай еліндегі қазақтар. Қытайдағы қазақтар деген кімдер? Тарихи-географиялық тұрғыдан оларды өздерінің байырғы ата қонысында жасаушы қазақ ұлтының қомақты бір бөлігі деп түсінген жөн. Бұл пікірмен кейінгі кездері Қытайдағы қазақ диаспорасын тереңірек зерттеп жүрген ғалымдар да келіседі. Мысалы: белгілі шығыстанушы К.Л.Сыроежкин өзінің Қытай қазақтары туралы зерттеу еңбегінде: «...Сөз тек мемлекеттік шекара арқылы бөлініп тұрған этникалық қауым (община) туралы болып отыр» – десе, шетелдегі қазақтардың тарихи тағдыры туралы арнайы зерттеу еңбектің авторы Г.М.Меңдіқұлова Қытай қазақтарын «қазақ диаспорасы» емес, қазақ «ирреденті» (бөліндісі) деп есептейді. Жалпы қазақ ирредентасының қалыптасуы бірнеше кезеңдермен сипатталады. Қазақ ирредентасының қалыптасуының бірінші кезеңі XVI ғасырдың басы – XVIII ғасырдың аралығын қамтиды. Бұл кезеңге қазақ-ойрат соғысы жатқызылады. Бұл қанды соғыста қазақ халқынан Жетісу, Тарбағатай аудандарындағы жерлер тартып алынған болатын. Осының кесірінен орта және ұлы жүз қазақтарының

үйреншікті көшіп-қону жерлері өзгеріп, Қытайдағы қазақ ирредентасының қалыптасуына себепші болды. Қазақ ирредентасының Қытайдағы қалыптасуының екінші кезеңі 1757 жылы Циндардың Жоңғар хандығын талқандауымен байланысты. Осы кезеңде Орта Азия аймағында алғашқы Қытай жасақтары құрылып, Қазақ әскерінің көмегімен Жоңғар хандығын талқандады. Жоңғар хандығы жойылғаннан кейін қазақтар өзіне тиесілі жерін алуға тырысты, бірақ Қытай мемлекеті бұл жерлерді қазақтарға беруден бас тартты. Қытай әскерімен көптеген қақтығыстардан кейін, қазақтар 1767 жылы Іле мен Моңғолдың Алтай аймағындағы кейбір өздерінің жерлерін қайтарып алды. Ұлы жүздің біраз бөлігі Іле өзенінің аймағына келіп, Қытай императорының хандығын мойындауларына тура келді. Ал, қалған бөлігі 1850 жылға дейін тәуелсіз болып тұрып, кейін Ресей империясының құрамына енді.

Қазақ ирредентасының Қытайдағы қалыптасуының үшінші кезеңі Ресей-Қытай мемлекеттерінің арасындағы аса құнды құжаттарға: 1860 жылғы Пекин келісім шарты, 1864 жылғы Чугучак протоколы, 1870 жылғы Тарбағатай Демаркациондық протокол, 1879 жылғы Ливидийск келісім шарты, 1881 жылғы Петербург келісім шартына қол қоюмен байланысты. Жоғарыда аталған келісім шарттар мен протоколға қол қойылғаннан кейін, бұл аудандардағы қазақ халқы мен жерлері екі мемлекет арасында, қазақ халқының пікірімен санаспай, қинаушылық түрде бөлінген болатын [4].

Қытайдағы қазақтардың «қазақ диаспорасы» емес, қазақ «ирреденті» екеніне былайша көз жеткізуге болады, біріншіден, олар жасап жатқан өңір геотарихи тұрғыдан алғанда байырғы Қазақ даласының құрамдас бөлігі. Осы өңірде қазақ халқының ұлт болып қалыптасуына ұйтқы болған байырғы ғұн, үйсін, иузей (юэчжи), түрік, түркеш, қарлұқ, керей, найман тайпалары мен тайпа ұлыстары жасаған және өз кезінде олардың көшпелі жүйедегі қағандық билігі (мемлекеті) өмір сүрген. Екіншіден, қытай қазақтарының тілі, тұрмыс-салты, діни танымы, ұлттық өнері, ән-биі, фольклоры түгелдей Қазақстанда жасаушы қазақтармен бірдей. Үшіншіден, Қытай қазақтары негізінен Қытайдың Қазақстан және Моңғол Халық Республикасымен шекаралас Шыңжаң ұйғыр автономиялы өлкесінде орналасқан. Шыңжаң атауы қытайша «жаңа жер», «жаңа өлке» дегенді меңзейді, сондай-ақ, ол 1884 жылы Цин империясы аталмыш өңірді өзінің бір өлкесі деп жариялағаннан бастап қолданыла бастады. Негізінде бұл өлке XIX ғасырдың орта кезінен бастап ғылыми әдебиеттерде «Шығыс Түркістан» деп атала бастаған еді. Бүгінде Қытай үкіметі бұл атауды мүлдем қолданбайды. Өйткені ол XIX ғасырдан бастап империялистердің пантүркстер мен панисламистердің Шыңжаңды Қытайдан бөлшектеу мақсатында қолданылып келген деп есептейді. Бірақ көзі қарақты оқырман үшін оның әуелгі аты «Шығыс Түркістан» екенін ешкім де жоққа шығара алмайды [4].

Алтай аймағы - Шыңжаңдағы Іле қазақ автономиялық облысына қарасты әкімшілік аймақ. Халқының саны 230 мың, оның 51 пайызын қазақтар құрайды. Алтайдың жері таулы, орман-тоғайы мол, шөбі шалғын көрікті мекен. Қазақ қайда жүрсе де алдымен елінің абыройын ойлайтын, ұлттық мұрасымен мақтанатын кеменгер халық. Бұған дәлел, әлемнің әр бұрышында жүрген

ағайындарымыздың қазақтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын сақтап, қаймағын бұзбай қазірге дейін ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп келе жатқандығы. Әсіресе, он саусағынан өнері тамған шеберлеріміздің осы бабаларлардан қалған аманатқа ерекше жауапкершілікпен қарайтындығын елі үшін істеп жатқан еңбектерінен байқауға болады [5].



Солардың бірі, Нұрила Қызыханқызы - қазақтан шыққан, этнограф, өнер зерттеушісі. Өрі ақын-жазушы, бір сөзбен айтқанда, «сегіз қырлы бір сырлы» деуімізге әбден лайықты жан. Жастайынан қолына ине-жіп алып, ісмерлікпен айналысқан ол қазақтың ою-өрнегін ғылыми деңгейде зерттеуге сонау 80-ші жылдары мойын бұрған екен. Қазақтың ою-өрнегінің тарихы тереңде жатыр. Ғылыми деректерге сүйенер болсақ, ертедегі оюлар мазмұны жағынан 3 түрлі ұғымды бейнелеген. Олар: біріншіден, мал өсіру мен аңшылықты, екіншіден, жер-су, көшіп-қону көріністерін, үшіншіден, күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың сыртқы бейнесін береді.





Сондай-ақ әрбір елде, әрбір руда атағы шыққан танымал оюшы-шеберлер болған, олар өз қолынан шыққан тамаша үлгіні өзінің руына, маңайындағыларға таратып отырған. Осыдан келіп әр түрлі ою-өрнектерде, киімдер мен кілемдерде, сырмақтар мен кестелерде тағы сол сияқты қолөнер жұмыстарында «арғын, керей үлгісі» немесе «ұлы жүз, орта жүз, кіші жүздің үлгісі» деген сияқты мағыналы ою-өрнектер пайда болды.



Міне, осындай тарихи маңызы зор қазақтың қолөнер жұмыстарын зерттеп-зерделеп, кейінгі ұрпаққа қалдыруды мақсат еткен Нұрила Қызыханқызы ғылыми еңбекті жарыққа шығаруды көздеп отыр. Бұл – шетелдегі қандастардың ұлттық өнерімізді сырт жерде насихат етіп отырғандығының бір көрінісі.



Жалпы, аспан асты елінде ұлтымызға қатысты тың мағлұматтарды көптеп кездестіруге болады. Мәселен, Алтай қаласына іргелес жатқан Шеміршек аулында тарихы тереңде жатқан қорымдар, сынтастар көп шоғырланған екен. Сондықтан бұл өлкедегі құнды қазынаны көздің қарашындай сақтап отырған мұражай қызметкерлерінің айтуынша, рухани орынға келушілердің қатары жыл санап өсіп отырған көрінеді. Алтай жерін көне түркілердің мәдени ошағы деп те атайды. Сондықтан Алтай қаласында тұрып жатқан қандастарымыз қазақтың мәдени құндылықтарын қастерлеп, ұлттық төл өнеріміздің ұрпақтан ұрпаққа жалғасуына үлкен еңбек сіңіріп отыр. Олар атажұрттан жырақта жүрсе де, қазақи болмысымыз бен ұлттық бояуымызды сол қалпында сақтап, бабалардың аманатын ардақтап келеді [5].

Қазақ халқының ескі заман дәуірінен сөнбес мұра болып, ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға сабақтасып, ұзақ жылдар өзіндік тарихымен елімізді бүкіл әлемге мәдени қол өнерімен танытып келген «далалық өркениеттің» алтын бесігі Ұлы Дала кеңістігінде қалыптасқан.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» – <http://www.akorda.kz> 14.12.2012.
2. *Асанова С.* Қазақтың ұлттық киімдері. – Алматы: Атамұра, 1995.
3. *Жәнібеков Ө.* Қазақ киімі. Альбом. – Алматы: Өнер, 2005. – 160 бет.
4. *Қасимов С.* Қазақ халқының қол өнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 бет.
5. *Өмірбекова М.Ш.* Энциклопедия. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2003. – 284 бет.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются методы применения традиций и обычаев казахского народа, проживающих в Китае.

**(Садибек А. Взгляды на традиции и обычай казахского народа, проживающих в Китае)**

#### **SUMMARY**

This article deals with the methods of tradition and custom application of the Kazakh people living in China.

**(Sadibek A. Views on traditions and custom of the Kazakh people living in China)**

УДК 553. 282

**Е.С.ШАЛХАРОВ**

магистрант МКТУ им. Х.А.Ясауи

**ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ  
НЕКОНДИЦИОННЫХ НЕФТЕПРОДУКТОВ НА СТАЦИОНАРНЫХ  
АВТОЗАПРАВОЧНЫХ СТАНЦИЯХ**

*Одним из существенных достижений XXI века в странах постсоветского пространства является фактор быстрых темпов развития института нефтяной промышленности. Наряду с технологиями добычи, переработки, транспортировки и хранения нефтяной промышленности актуален на сегодняшний день вопрос о правовом регулировании недоброкачественной нефтяной продукции, которая согласно законодательству Республики Казахстан “О нефти” классифицируется как некондиционный нефтепродукт, то есть нефтепродукт не соответствующий требованиям, установленным законодательством Республики Казахстан о техническом регулировании. Данные нефтепродукты чаще всего встречаются на стационарных автозаправочных станциях. С темпами появления большего количества мелких предприятий, занимающихся реализацией нефтепродукции, растут и объемы недоброкачественной нефтяной продукции, которые чаще всего дешевле по цене, но приносят больший ущерб как имуществу покупателя – автомобилю, так и самому покупателю – физический и моральный ущерб.*

*Ключевые слова:* нефтяная промышленность, некондиционный нефтепродукт, стационарные автозаправочные станции, неудовлетворенность потребителя.

В настоящее время сторонами гражданского-правового оборота заключается большое количество сделок. Однако далеко не всегда надлежащее внимание уделяется условиям действительности сделок. Причинами этого могут являться как отсутствие надлежащей юридической грамотности сторон сделки, так и злоупотребление недобросовестных участников гражданского оборота. В результате заключенная сделка может быть признана недействительной со всеми предусмотренными в этом случае законодательством последствиями [1]. Сделки занимают значительное место в системе юридических фактов, лежащих в основе возникновения, изменения и прекращения гражданских правоотношений. Следовательно, сделки являются необходимым звеном гражданского оборота. Поэтому исследование вопросов их недействительности имеет не только важное теоретическое значение, но и необходимо для всей системы правового регулирования

гражданских отношений. В современных условиях рынка, когда коммерческий оборот расширяется, его участниками становится большое число новых предпринимателей, не имеющих достаточного практического опыта. Возрастает число разного рода коммерческих злоупотреблений, в результате появляется значительное число сделок, правовая сила которых их участниками затем оспаривается [2]. Это касается и нефтепродуктов. Так, ежедневно в одном только городе Туркестан Южно-Казахстанской области по данным статистики уполномоченного органа миллионы тенге в день уходят на приобретение автовладельцами недоброкачественной нефтяной продукции определенной в законодательстве РК о нефти как некондиционные нефтепродукты.

Касательно качества нефтепродуктов, находящихся на стационарных автозаправочных станциях актуален вопрос о соответствии данной продукции требованиям, установленным законодательством Республики Казахстан о техническом регулировании и подпункта 1 пункта 1 статьи 317 КоАП РК согласно которой реализации продукции, не соответствующей требованиям технических регламентов, является административным правонарушением, посягающим на общественную безопасность и здоровье населения. Исследовав поглубже данный вопрос можно заметить, что сторона, чьи интересы были ущемлены, испытывает такие чувства как унижение, раздражение, подавленность, гнев, стыд, отчаяние, физическую боль (зафиксированную как мигрени), ущербность, дискомфортное состояние и прочие чувства в соответствии с пунктом 1 статьи 951 Гражданского Кодекса РК, что уже влечет за собой такие последствия, как неудовлетворенность потребителя, которое само по себе предполагает наличие состава правонарушения со стороны розничного реализатора нефтепродуктов, в которой вина является прямой. Анализируя глубже вину розничного реализатора можно предположить, что в целях экономии денежных средств виновным лицом был совершен ряд действий, являющимися прямыми нарушениями статьи 317 КоАП касательно нарушения законодательства РК в области обеспечения безопасности отдельных видов продукции, статьи 951 Гражданского Кодекса РК о возмещении морального вреда, причиненным недоброкачественной продукцией и других нарушений, зафиксированных законодательством РК, где решением данной проблемы мог бы быть факт возврата сделки в соответствии с пунктом 9 статьи 159 Гражданского Кодекса РК относительно основания недействительности сделки, где по причине реализации недоброкачественной нефтепродукции был нанесен ущерб, подлежащий взысканию, классифицируемой на основную и дополнительную стоимость иска. Согласно статье 147 Гражданского кодекса под понятием сделка признается действия граждан и юридических лиц, направленные на установление, изменение или прекращение гражданских прав и обязанностей,

где продажа розничным реализатором недоброкачественной нефтяной продукции является основанием недействительности сделки, где согласно пункту 9 статьи 159 Гражданского Кодекса РК, сделка совершена под влиянием обмана.

Само по себе для лиц, реализующих недоброкачественную нефтяную продукцию при наличии товарного чека, заключения эксперта по экспертизе данной продукции, заключении службы санитарного эпидемиологического контроля и разъяснительного письма прокуратуры касательно наличия состава правонарушения у потребителя имеются определенные возможности отстоять свои права в судебном порядке. Таким образом, данная концепция так же применима и для конфликтов возникающих из правоотношений между участниками некондиционных нефтепродуктов, коими являются реализатор и покупатель. Глобализация мировой экономики вызвала серьезные изменения в рыночных отношениях. Произошла смена доминирующей силы в отношениях продавцов и покупателей. Сейчас последние диктуют поставщикам свои условия - что они хотят получить, когда и где, и сколько готовы за это заплатить. От компаний, недавно успешно действовавших на массовом рынке в условиях стабильной экономики, теперь требуется гибкость и быстрота реакции на запросы внешней среды, рынка. В этой связи огромное значение экономическая наука придает логистическим концепциям управления, которые по темпам своего развития за рубежом и в нашей стране становятся основным инструментом управления процессом производства товаров и услуг [3]. Однако у производителей нефтепродукции имеются все сертификаты качества нефтепродукции легитимные на всей территории Республики Казахстан и результаты экспертизы соответствующие всем международным стандартам ратифицированных в Республике Казахстан. Исходя из этого мы предполагаем, что качество нефтепродуктов искусственно меняет свои свойства именно на стационарных автозаправочных станциях. В таком случае это уже соответствует первому пункту статьи 177 Уголовного Кодекса Республики Казахстан, где точно указано, что данное действие может квалифицироваться как мошенничество, то есть хищение чужого имущества или приобретение права на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием. При анализе данной статьи можно понять, что под понятием имущество данный пункт предполагает собой согласно пункту 2 статьи 115 Гражданского Кодекса Республики Казахстан деньги, уплаченные за нефтепродукт надлежащего качества, согласно сертификату качества, а под обманом или злоупотреблением доверием потребителя можно предположить искусственное изменение свойств нефтепродукта без определенной информированности покупателя измененной нефтепродукции. Данная нефтепродукция, поскольку была изменена реализатором нефтепродукции, уже не может соответствовать тому сертификату качества,

которому он изначально соответствовал. Надежность и долговечность техники очень сильно зависит от качества применяемого топлива. Низкокачественное дизельное топливо может стать причиной преждевременного износа и выхода из строя топливного насоса и форсунок, снижения подачи топлива, изменения момента начала подачи в сторону запаздывания, ухудшения качества распыления топлива. Помимо этого, при небрежной транспортировке и доставке дизтоплива в его состав может попасть вода. Ее присутствие понижает теплотворную способность топлива, а значит – понижает мощность двигателя. Основная проблема для потребителей дизтоплива состоит в том, что существенная часть продаваемого дизельного топлива – различные суррогаты, самый распространенный из которых – смесь летнего дизельного топлива с керосином. В принципе, она не является столь опасной, как другие фракции (за дизтопливо могут выдавать судовое маловязкое топливо, печное топливо и даже газовый конденсат), хотя и она тоже негативно сказывается на работе двигателя [4]. Такие виды нефтепродуктов встречаются, в основном, на мелких автозаправочных станциях. На сегодняшний день в эпоху разгорающейся рыночной экономики количество таких мелких предприятий становится больше и такими же огромными темпами реализуется некачественное топливо. Решением данной проблемы могло бы быть ужесточение мер сертификации для предприятий, занимающихся реализацией нефтепродуктов, а так же работа с гражданами по повышению правосознания относительно возмещения ущерба причиненным недоброкачественной нефтепродукцией.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. *Черярин А.В.* Недействительные сделки и их последствия: вопросы теории и правоприменительной практики. Дисс. канд. юридических наук. – Резень: РГПУ. –2005, - 184 С.
2. *Киселев А.А.* Недействительные сделки: теоретические и практические проблемы составов, квалификации и правовых последствиях. Дисс. докт. юридических наук. – Москва, 2004. – 313 С.
3. *Ахриев А.Ю.* Логистические резервы повышения качества нефтепродуктообеспечения. Дисс. канд. экономических наук. – Москва, 2005. –167 С.
4. *Ванцов А.В.* Технология и устройство для оперативного контроля качества дизельных топлив на предприятиях АПК. Дисс. канд. технических наук. – Резень, 2011. – 158 С.

#### ТҮЙІНДЕМЕ

Мұнайды өндіру, өңдеу, тасымалдау және сақтау технологиясымен қатарлас, біздің заманымызда мұнай секторының сапасыз мұнай өнімінің құқықтық реттеу проблемалары өзекті болып табылады. Мақалада осы мәселелер қарастырылған.

**(Шалхаров Е.С. Тұрақты автожанармай құю бекеттеріндегі кондицияға сай емес мұнай өнімдерін құқықтық реттеу)**

#### SUMMARY

One of the greatest achievements of XXI century in the countries of the former Soviet Union is the factor of development of institute of oil industry On a row with technologies of production, processing, transportation and storage of oil industry the question of legal regulation of substandard oil production.

**(Shalharov E.S. Legal regulation of sub-standard oil products at stationary gas stations)**

ӘОЖ 368.01

**З.М.МУСТАФАЕВА**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

**Е.С.ШАЛХАРОВ**

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің магистранты

### **САҚТАНДЫРУ ПОЛИСІНІҢ ТҰТЫНУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ АУЫСТЫРУ АСПЕКТІЛЕРІ**

*Сақтандыру ісі қазіргі таңда ең дамыған іс болып табылады, сол себептен теориялық зерттеу тұрғыдан сақтандыру іс әрекетінің шарттық қатынастарын дамытқан мемлекет және қоғам үшін өте қажет. Сол тұрғыда сақтандыру шарттарының объектілеріне және субъектілеріне сақтандыру полисі мерзімінің ішінде өзгерістер еңгізген өте өзекті болып табылады. Бұл мақалада жалпы сақтандыру шарты тұралы мәлімет көрсетілген, сол мәліметке сүйене отырып және Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 19 тарауында көрсетілген міндеттемелерді ауыстыру мәнжайлары сақтандыру полисінде қоғамға өте қолайлы болады.*

*Кілт сөздері:* сақтандыру шарты, сақтандыру соммасы, табиғи факторлар, саяси факторлар.

Сақтандырудың шарты – сақтанушы мен сақтандырушының келісімі, шарттың негізінде сақтандырушы сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтанушыға немесе үшінші тұлғаға сақтандырудың өтем ақысын төлеп беруге, ал сақтанушы көрсетілген мерзімде сақтандыру төлемдерін төлеуге міндетті.

Шартты жасау үшін сақтанушы сақтандырушының атына жазбаша түрде өтінішті ұсынады, немесе шартты жасауға қызықпаушылығын білдіреді. Жазбаша түрде жасалынбаған шарттар (міндетті сақтандырудан тыс) жарамды болып табылмайды. Сақтандырудың келісім-шарты екі жақтың толтырған құжатымен, немесе сақтанушыға ұсынылған сақтандыру полисі, болмаса сақтандырушының қолы бар кәуәлікпен (сертификатпен) расталады [1].

Сақтандыру келісімінің негізгі шарттары:

- 1) сақтандыру объекті;
- 2) сақтандырушы жауапты болып табылатын сақтандыру оқиғаларының тізімі – оны сақтандырушылар сақтандыру жауапкершілігінің көлемі деп айтады;
- 3) сақтандыру соммасы – сақтандыру оқиғасы болған жағдайда, сақтанушылар көрген зиянды өтеп беруге арналған ақшалай түрдегі сомма;

4) сақтандыру сыйақысы (сақтандыру төлемі) – сақтанушы сақтандырушыға төлеп беретін төлемдер, бұл төлемдерді сақтандыруды жүргізуге арналған төлем ретінде қарастырса болады;

5) Сақтандырудың мерзімі – сақтандырудың шартында қарастырылған мерзім, бұл мерзімнің ішінде күтпеген оқиғалар, сақтандыру оқиғасы ретінде қарастырылып, сақтандыру өтемақысын төлеп берудің негізі ретінде қарастырылады.

Шартта айрықша жағдайлардың тізімі де көрсетіледі, осындай айрықша жағдайлар болған кезде сақтандырушы сақтандыру өтемақыларын төлеуден босатылады. Айрықша жағдайлар заңмен қойылады. Егерде басқа жағдайлар заңмен қарастырылмаса, сақтандырудың шарты бірінші сақтандыру төлемі төленгеннен бастап күшіне кіреді.

Кез-келген кәсіпорын өз жұмысын жүзеге асыру барысында қандайда бір кіріс алу және қаржы жұмсау, т.б. мақсатты ұстанады. Яғни, ол өз жұмысын жоспарлайды. Бірақ, дамудың осы немесе басқа да стратегияларын таңдай отырып, кәсіпорын өз қаражатын жоғалтуы немесе жоспарланған сомадан аз алуы мүмкін. Бұл компанияның белгісіз ахуалда болуын көрсетеді. Компания тығырыққа тірелген кезде, басшылыққа шешім қабылдауға тура келеді, ол шешімдердің табысты іске асырылу ықтималдылығы (яғни, толық көлемде табыс алуы) кәсіпорынға іштей және сырттай әсер ететін көптеген факторларға тәуелді. Осындай жағдайда тәуекел ұғымы пайда болады.

Егер шешімді дайындау барысында тәуекелді төмендету шаралары тиімсіз және оған қаржы көп жұмсалатын болса, онда өз іс-қимылын экономикалық жағынан сақтандыру тиімді болар еді [2]. Бірақ сол шарттар бойынша сақтандырушы болып табылатын тұлға өз құқықтарын өзге адамдарға беруге мүмкіндігі жоқ. Алайда ол тұлға өзінің құқықтарын кәсіпкерлік тұрғыдан қарайтын болса мәнжайлар табылады, сол тұрғыдан кәсіпкерлік сақтандыруда қарастырсақ ҚР АҚ-нің 810-бабына сәйкес кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру шартымен тек сақтанушы өз кәсіпкерлік тәуекелін және өз пайдасын ғана сақтандыра алады. Сақтандырудың бұл түрі әр түрлі сақтандыру жағдайларынан тууы ықтимал шығындарды: коммерциялық факторларды (өндірістің шикізат пен материалдарды толық және өз уақытында жеткізбеу салдарынан тоқтатылуы, нарық конъюнктурасының өзгеруі, неғұрлым жедел міндеттемелерді реттейтін қаржы көздерінің тапшылығы), саяси факторларды (соғыс, көтерілістер), табиғи факторларды (климаттық ыңғайсыз жағдайлар) жабады. Өндірістің тұрып қалу мерзімі сақтандыру ережелерімен белгіленетінін, мұндайда сақтандырушы тиісті залалды, яғни ала алмаған өндіріс пайдасын өтеуді өз жауапкершілігіне алатынын міндетті түрде атап өту керек. Бірақ сақтандыру жағдайларын, көбінесе ағымдағы шығыстарды (жұмысшылар мен қызметкерлердің жалақысы, салықтар мен алымдар, үй-жайды жалға алу төлемдері) жүзеге асырудың жарамсыздығы мен қажеттілігін топтастырудың



белгілі өзгешеліктері бар [3]. Сонда да өндірістікте міндеттемелер қиындық шығара алады.

Сақтандырудың басқа да жағдайларына жаңа технологияларды енгізу, қарсы агенттер тарапынан қаржылық міндеттемелерді орындамау салдарынан шығынға ұшыраған табыс жатуы мүмкін [4].

Мұндай жағдайларда табыстың шығындалмауын сақтандыру ала алмаған табыстың өтемақысын, сондай-ақ сақтандырушы фирманың ағымдық шығыстарын және оның табысты төмендету шараларына байланысты қосымша шығындарын қарастырады. Сол тұрғыда Цесия келісім шарты қолданылған өте өзекті және тиімді көрінеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. *Бугаенко О.Б.* Противоречия и закономерности развития страхового рынка // Дисс. канд. – Ростов-на-Дону, 2006. – 173 с.
2. *Сиреткин В.А.* Формирование муниципальной политики на основе страховой защищенности жилищного фонда. Дисс. канд. – Екатеринбург, 2007. – 229 с.
3. *Василевич О.А.* Формирование механизма принятия стратегических управленческих решений на рынке страховых услуг. Дисс. канд. – Санкт-Петербург, 2011. – 135 с.
4. *Козлов А.В.* Влияние автострахования на эффективность деятельности страховой компании. Дисс. канд. – Екатеринбург, 2011. – 205 С.

#### РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается страховая деятельность со всеми ее договорными обязательствами в целом, где учитывается и внедрение уступки права требования указанной в главе 19 Гражданского Кодекса Республики Казахстан касательно некоторых аспектов применения уступки права требования. Актуальной в данной статье является общее положение к применению уступки права требования в страховых полисах.

**(Мустафаева З.М., Шалхаров Е.С. Некоторые аспекты перемены в обязательствах среди потребителей страховых полисов)**

#### SUMMARY

And one of the greatest advantages in this scientific investigation is using another agreements in insurance polis. Moreover using part 19 in Civil Codex of Kazakhstan Republic about changing the abilities is very useful activity for socials. In this article clearly shown the main theme about insurance sphere and its agreements, and in addition to this is using another agreements in insurance polis.

**(Mustafaeva Z.M., Shalharov E.S. Some Cases of Changing Obligations in Insurance Consumer Relationship)**

## МАЗМҰНЫ

---

### ФИЛОЛОГИЯ

---

ТАУКЕБАҮЕВА Р.В. Some Specific Approaches in Teaching English as a Foreign Language	3-8
КАМАЛҚЫЗЫ Ж. АЛМАТОВА Ж. С.Елубаевтың «Ақ боз үй» романы жайлы	9-15
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. РИЗАХОДЖАЕВА Г.А. О концепции личности в романе Т.Драйзера «Трилогия желания»	16-21
ТАУКЕБАЕВА Р.Б. ШОЙБЕКОВА А.М. О творческом наследии Агаты Кристи	22-26

---

### ПЕДАГОГИКА

---

<b>САТЫБАЛДИЕВ О.С.</b> МУСАБЕКОВ Е. Интегралдар курсының оқыту арқылы болашақ математика мұғалімдерінің бойына кәсіби-педагогикалық сипаттамаларды қалыптастыру	27-31
ТЕМИРБЕКОВ А.Н. ТАСЫБАЕВ Ж.Е. Потенциал психики индивида и его влияние на деятельность индивида	32-38
НЫШАНОВА С.Т. ХАЛМЕТОВ А.А. Ағылшын тілін оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігі	39-45
АУЕЛБЕКОВ Е. СУЛТОНОВ Т. Бейнелеу өнері пәнін оқытуда пәндер интеграциясын пайдалану ерекшеліктері	46-52
ДҮЙСЕМБЕКОВ З. Колледж оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің кейбір ерекшеліктері	53-57

---

### ТАРИХ

---

УСАЙНОВА А.Н. Уаххабиліктің шығу тарихы	58-63
--	-------

---

### ӨНЕРТАНУ

---

ЕРАЛИН Қ.Е. Этнодизайн бұйымдарын жобалаудағы дәстүр мен жаңашылдық	64-68
СӘДІБЕК А. Қытай еліндегі қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрге көзқарасы	69-74

---

---

---

**ҚҰҚЫҚТАНУ**

---

---

ШАЛХАРОВ Е.С.

Правовое регулирование некондиционных нефтепродуктов на стационарных автозаправочных станциях 75-78

---

МУСТАФАЕВА З.М.

ШАЛХАРОВ Е.С.

Сақтандыру полисінің тұтынушылары арасында міндеттемелерді ауыстыру аспектілері 79-81

---

**МАЗМҰНЫ**

82-83

---

---